

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ТАРИХИ ҚАЙРАТКЕР ҒАБДЫЛУАХИТ  
ХАЗІРЕТ ТІЛЕНШІҰЛЫНЫҢ 170 ЖЫЛДЫҒЫНА,  
МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЕВТИҢ 165 ЖЫЛДЫҒЫНА,  
АҚЫН СУЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ 130 ЖЫЛДЫҒЫНА  
ЖӘНЕ АҚЫН МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВТЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА  
АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ» АТТЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«ВЕЛИКИЕ СЫНОВЬЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА»,  
ПОСВЯЩЕННОЙ 170-ЛЕТИЮ ИСТОРИЧЕСКОГО ДЕЯТЕЛЯ  
ҒАБДЫЛУАХИТА ХАЗІРЕТА ТІЛЕНШИУЛЫ,  
165-ЛЕТИЮ МАШХУР ЖУСУПА КОПЕЕВА,  
130-ЛЕТИЮ ПОЭТА СУЛТАНМАХМУТА ТОРАЙҒЫРОВА  
И 100-ЛЕТИЮ ПОЭТА МУЗАФАРА АЛИМБАЕВА**

**ПАВЛОДАР  
2023**

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5Қаз)  
Қ17

**Редакция алқасының бас редакторы:**  
Садықов Е.Т., э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті»  
КЕАҚ Басқарма Төрағасы – Ректор

**Жауапты редактор:**  
Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті»  
КЕАҚ ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі  
Басқарма мүшесі-проректоры

**Редакция алқасының мүшелері:**  
Зейнуллина А.Ф., Құдабаев А.Ж., Қрықбаева М.С., Исенова Б.К.,  
Омарова А.Р., Ибраева А.Д.

«Қазақ елінің ұлы перзенттері»: тарихи қайраткер Ғабдылуахит  
Әзірет Тіленішұлының 170 жылдығына, Мәшһүр Жүсіп  
Көпеевтің 165 жылдығына, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың  
130 жылдығына және ақын Музафар Әлімбаевтың 100  
жылдығына арналған «Қазақ елінің ұлы перзенттері» атты  
Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. –  
Павлодар : Торайғыров университеті, 2023. – 99 б.

ISBN 978-601-345-419-1

Қазақ Елінің әдебиеті мен мәдениетіне көркемдік дәстүрді  
калыптастырған, сөз өнері мен философиясына, тарихы мен  
дініне өз қолтаңбаларын қалдырған Қазақ Елінің ұлы перзенттері  
Ғабдылуахит Әзірет Тіленішұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев,  
Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұзафар Әлімбаев сияқты ұлыларды  
ұлықтау мақсатында мақалалар жарияланған.

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.  
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-345-419-1

©Торайғыров университеті, 2023

**Пленарлық отырыс**  
**Пленарное заседание**

**ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**КЕАҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ - РЕКТОРЫ,**  
**ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,**  
**ПРОФЕССОР Е. Т. САДЫКОВТЫҢ**  
**АЛҒЫ СӨЗІ**

**ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, «ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛЫ**  
**ПЕРЗЕНТТЕРІ» АТТЫ КОНФЕРЕНЦИЯҒА**  
**ҚАТЫСУШЫ ҚОНАҚТАР!**

Ұлыларды уақыттың өзі туғызады. Заманның  
өрті мен дерті, дауылы мен жауыны, сеңі мен селі  
шындап шынықтырады. Тарих ұзақ толғатып сирек  
туатын ұлылар алдына ұлы мақсат қояды. Соның  
мықты бір мысалы ұлт бағына туған ұлы тұлғалар  
Ғабдылуахит Әзірет Тіленішұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев,  
Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұзафар Әлімбаев.

**Ғабдыл-Уахит хазірет** (1853–1926) – XIX ғасырдың  
екінші жартысы – XX ғасырдың басында өмір сүрген  
белгілі діни қайраткер. Бұқарада оқып, бай діни  
дәстүрлермен танысып, ислам дінінің негізін тереңінен  
зерттеген. Тағдырын болжап, болашағын білуді қалаған  
адамдар кең байтақ даланың түкпір-түкпірінен хазіретке  
арнайы келеді екен. Ғабдыл-Уахит Хазірет адамдарға  
жан шуағын аямаған кең пейілді, рухани пейілі кең адам  
болған екен.

Ал **Мәшһүр Жүсіп Көпеев** есімі құпия-сырға толы.  
Ол теолог, діндар философ, көріпкел болған. Азатшылдық,  
ағартушылық идеяларына, әртүрлі танымдық-тәрбиеге  
толы шығармаларымен әдеби мұраға үлес қосқан ірі  
ақынымыз Мәшһүр Жүсіп Көпеев XX ғасыр басындағы  
дәуірдің көкейкесті мәселелерін, қазақ халқының хал-  
жайын жырлаумен, ұлтын ояту, ілгері бастыру, мәдени

өркендеу, бақытты, еркін өмірге жетуге үндеумен, елді білімге, ынтымақ-бірлікке, еңбекке шақырумен әдебиет тарихынан ерекше орын алады.

Жыр сұлтаны **Сұлтанмахмұт Торайғыров** қысқа өмірінде көптеген маңызды шығармалар жазғаны соншалық, ол ұлттық мәдениет тарихында құрметті орынға ие болды. «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болып, еркін қоғам туралы асқақ армандады. Оның болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық мәні зор деп білеміз.

Сөз өнерінде аз сөзге терең ой бере білген **Мұзафар Әлімбаев** есімі де ерекше. Бірнеше дүркін таңдамалылары мен туысқан халықтар тілінде көптеген жинағы шықты. 180 әнге өлең жазды. 64 төл тума және аударма кітаптардың авторы. Шығармалары 20 тілге аударылған және Қазақ елінің Әнұранының авторы болған мінезді ақын. Мұзафар Әлімбаев балалар поэзиясынан ұлттық поэзияға дейін қарымды қалам тербеген бірегей қаламгер.

Қазақ Елінің әдебиеті мен мәдениетіне көркемдік дәстүрді қалыптастырған, сөз өнері мен философиясына, тарихы мен дініне өз қолтаңбаларын қалдырған Қазақ Елінің ұлы перзенттері **Ғабдылуахит Әзірет Тіленшіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұзафар Әлімбаев** сияқты ұлыларды ұлықтау мақсатында бүгінгі күні арнайы конференция өткізіп отырмыз. Олардың ұлы істерін бүгінгі қоғамға, әсіресе жастардың бойына дарыту мақсатын көздеп, университетте әр түрлі шаралар мазмұнымен жүзеге асырылуда.

Ұлы перзенттеріміздің еліне қалдырған әдеби – мәдени рухани еңбегі мәңгілік болары сөзсіз. Алдағы уақытта бұл Тау тұлғаларымыздың шығармашылықтарын бұдан да терең оқу үрдісінде оқып – тануға, ғылыми зерттеу айналымына түсіруге ден қойылады. Оқулық пен оқу құралын, монография

мен зерттеулерді шығарып, оны насихаттау үшін жан-жақты жұмыстар жүргізілетін болады.

Қазақстан ғылымы мен білімінің әлемдік беделін арттыру жолында біршама мақсаттар қойылып отыр. Оның бірі – бүгінгі күні өзіміз конференцияда көтеріп отырған басты мәселе - оқу, білім мен ғылым және руханияттық мәселесі және оны шешудегі түйіткіл жайттар болса, аталмыш Халықаралық ғылыми конференцияның берері, айтар жаңалығы, үйретер тәсілі, жинақтар тәжірибесі мол болады деп ойлаймын.

### **Құрметті әріптестер!**

Осы Халықаралық ғылыми конференцияда оқылтын Қазақ елінің ұлы перзенттері жөніндегі баяндамалар, басқа айтылатын пікірлер, жарыссөздер ұлттық білім мен ұлттық руханиятымызды инновациялық тұрғыда дамытып, ғылыми негіздеп, білім мен ғылым кеңістігінде қолдануда тың шешімдерге әкеледі деп сенемін. Баршаңызға дендеріңізге саулық, бастарыңызға береке, отбасылық амандық, рухани мәдениетіміздің қуатты болуын тілеймін!

Конференция жұмысы сәтті өтсін!

## ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

А. Ж. ҚҰДАБАЕВ  
профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Көшпенділер мәдениеті өзінің 3 мың жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр шығыс елдеріне қарағанда шығармашылық дамуды әлдеқайда ертерек бастан өткергені белгілі. Яғни, әлеуметтік-экономикалық формациялардың алмасуы, соған орай адамдардың танымдық, мәндік көзқарастарының өзгеруі мәдени-рухани шыңдалуға жағымды ықпал еткені даусыз.

Алайда, табиғатпен тіл табысу арқылы, экосистемаға бейімделудің арқасында уақыт пен кеңістіктің арақатынасын шебер меңгерген көшпенділер шаруашылығы-мәдени типтің ең маңыздысы болғаны анық. Алтай мен Карпат тауларының арасында керіліп жатқан Ұлы далада технократтық даму пайда болғанға дейін табиғи түрде өмір сүру үшін тек қана көшпенділік өмір салты ғана мүмкін болды. Осы жерде атақты ғалым В.О. Ключевскийдің сөзімен айтқанда «дүниенің мәнін өзгерткен мылтық пайда болғанға дейін «көшпелілер тарихтың дырау қамшысы болды», - деген ой тұжырымы орынды болып келеді.

Көшпелі халықтардың мәдениеті отырықшы елдердің мәдениетін жалғастырушы, Шығыс пен Батысты түйістіруші рөлді атқарды. Көшпелі қоғамның негізгі өмір сүру салты динамикада болғандықтан, олардың басқа мәдениеттерден оқшауланып қалмауына, үнемі жетілуіне де әсері тиіп отырды.

Қазақстан аумағы адамзаттың ертедегі дәуірлерінен, нақтырақ айтқанда «біздің» заманымызға дейінгі мыңжылдықтың басынан бастап ХХ ғасырға дейін еуразиялық номадизмнің эпицентрі болып қызмет еткені тарихтан белгілі. Мұндағы «Еуразия» деп аталатын шартты тарихи-географиялық термин –

Орталық Азияның негізгі территориясы, оның кіндігі Карпаттан Алтайға дейін созылып жатқан «Ұлы дала» деп аталатын кеңістік. Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік тарихи формацияның, «көшпелі өркениеттің» немесе «далалық өркениеттің» өн бойында осы территорияны мекендеген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтардың бірі – қазақтар. Осы ойды шетелдік және ұлтымыздың бетке ұстар ғалымдары да қолдайды. Сондықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің негізгі архетипі – көшпенділік.

Көшпенділер мобильді өмір сүру тәртібінің нәтижесінде құрлықтың алып кеңістіктерін – Еуразияның далалы аймақтарын, Орта Азия мен Арабияның, Солтүстік Африканың шөлді аймақтарынан бастап, азиялық және америкалық тундраның қиыр солтүстіктеріне дейінгі жерлерді игерді. Көшпелі тайпалардың өте кең амплитудасымен соған сәйкес олардың мәдениетінің таралуы Еуропа, Азия, Африка және Америка халықтарының қалыптасуына да ықпалын тигізді. Үндіеуропалық, алтайлық, афро-азиялық тіл семьяларының қалыптасуы көшпенділердің құрғақ зоналар кеңістігінде қоныс аударуларымен тікелей байланысты. Мұны бабаларымыз табиғатпен тіл табыса орныққан тамаша салт-дәстүрлерімен де дәлелдейді. Мысалы, қазіргі қазақтардың отырықшылыққа өтуімен экономикалық өмірі өзгергенімен А.Қасабектің айтуынша, «халықтың психологиясы бұрынғы әдетінше байтақ кең далаға өз меншігіндей қарауы, және бұл түсінік қазақ рухының мәні мен өзегі болып табылатынын байқаймыз». Дәстүрлі қазақ қоғамында ұрпақтар арасында сақталып келген тарихи-мирастық сабақтастық (диахронды вертикалды) осы өмір сүру үрдісінің (көшпенділіктің) автохондығы мен гомогендігін растайды. Сонымен қатар, адамзат тарихындағы ең ұзақ

базистік өмір салтын, ең ұзақ формацияны Еуразия көшпелілері бастан кешіргені анық.

Бұл ретте Ә. Кекілбаевтың пайымдауынша: мұның өзі, ең алдымен бір тектес өмір салттың шындалуына, бірінғай моральдық-этикалық нормалардың қалыптасуына мұрындық болды. Көшпелілер уақыт-кеңістікті игеру арқылы, танып-түсіну арқылы ұдайы шырқай көшіп, жыл құсы сияқты табиғаттың қолайлы белдеулерінде болып отырды. Олардың тіршілігінің мәні – уақыт пен кеңістіктің тылсым сырын қапысыз игеру, төрт түліктің бабын экосистемамен мінсіз үйлестіре білу, көшпелілердің өз тіршілігіне сай келетін материалдық және рухани игіліктер қалыптастыруы, түптеп келгенде, олардың төлтума өзіндік мәдениетін орнығуына ықпал жасады. Акселеу Сейдімбек «дүниеде ешқандай отырықшылықпен байланыспайтын таза көшпенді мәдениет жоқ. Европаның көп халықтары - бұрынғы көшпенділер,-деп жазады. Қазақстандықтардың арғы бабалары да тап солар секілді ежелгі элин, рим, парсы дүниесімен мәдени қарым-қатынас жасай білді. Оның үстіне өздеріне көрші Орта Азия цивилизациясын, Қырым, Таяу Шығыс цивилизациясын жасауға ат салысты. Қазақтардың «жиырмасыншы ғасырға» құр қол келмегендігіне дәлел көп-ақ». Яғни, көшпенділік интенсивтілікпен кеңестікті игеру арқылы ақпараттар алмасуын, мәдениеттердің үндестігін, ұлтаралық коммуникацияны қамтамасыз етіп, кейбір әлемдік өркениеттердің қалыптасуына ықпал етуші объективті фактор екендігін дәлелдейді. Ұлы Даланың төсінде адамзат тарихында көшпенділер қалыптастырған өркениетінің белгісі болып табылатын атқаміну мәдениеті уақыт пен кеңістіктің арасын жақындатса, ұлттық зергерлік, ұсталық, металмен жұмыс істеу, құйма құю, әлемдік өнердің феномені болып табылады. Түркілердің өнер мен ғылымға деген өзіндік әмбебаптық жүйесі әлемдік ойшылдықты қалыптастырды. Ұлы

«Жібек жолы» Батыс пен Шығыстың арасындағы өркениеттерді байланыстыратын алтын көпір болып табылады. Осы орайда Алтайдағы атақты Шибэ обасынан табылған атақты обада ғұндардан қалған жәдігерлер табылғаны анық. Одан шыққан өнер дүниесі де өте бай. Бұл табылған қымбат дүниелер, алтын киімнің сақталған түрлері, сырмақ, түс киіздер, текеметтер, әдемі оюлар, зергерлік істер, аңның суреттері. Көзге ерекше түсетін былғары киімдер. Олардың барлығын алтынмен бояған ағаш суреттермен әшекейлеп отырған. Ағаштан жасаған өрнектер тегісімен рельеф түрінде, не мүсін түрінде орындалған. Қотанды мен Шибэнің киімдері пішуі, тігуі бойынша қазақтардікімен бірдей. Осы тұрғыдан келгенде бабаларымыздың қалдырған заттық, әлеуметтік-адамгершілік үлгідегі өсиеттер мен рухани мұраларды терең насихаттап, қалың көпшіліктің игілігіне жаратуы аса қажет сияқты. Міне осындай қазақ халқының артында мол рухани мұра қалдырған, маңдайына біткен жарық жұлдыздарына арналып отырған конференцияның маңызы бұл жас ұрпақты ізгілікке, жүрек пен жанның тазалығына, имандылыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа, тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға өзіндік үлесін қосады деп білемін.

### **МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

**Н. Қ. ЖҮСІПОВ**

**ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.**

Алаштың біртуар перзенті Мәшһүр Жүсіп - өз қазақ халқының әдебиеті, тілі, фольклоры, тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын, этнографиясы мен поэзиясын мейлінше жетік білген. Араб, парсы, шағатай, орыс т.б. тілдерін жетік меңгерген. Өзінің саналы ғұмырын Мәшһүр Жүсіп

ағарту саласына арнап, әділдікті, адамгершілікті, парасат пен пайымды насихаттап, дәріптеп өтіп, тер төгіп еңбектену нәтижесінде өз заманының озық үлгідегі мол рухани қазынасын қалдырды.

Тарихи тұлғаның мол мұрасы әлі де тың зерттеулерді, ғылыми тұрғыдағы жаңаша ізденістерді, жүйелі сараптамалар мен әдеби-тарихи дәлелдемелерді қажет етіп отыр. Бәрінде де осы бағытта, яғни «Мәшһүртану» саласында еліміздің бірқатар ғалымдары тыңғылықты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Еліміз тәуелсіздігін қолға алып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жатқан кейінгі тұста қазақтың көптеген зиялыларының есімдері, артында қалдырған мол мұралары ұрпақтарымен қайта қауышып, жаңғыра түсті. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 20 томдығы Торайғыров университетінің ғалымдарының көмегімен жарыққа шықты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 20 томдығы жалпы қазақ мәдениеті мен ғылымының дамуына зор үлес әкелетіні сөзсіз.

Көптомдықтың алғашқы 4 томы және 20 томында ақынның ишарат өлеңдері, рауаяттары, аңыз өлеңдері, өзі туралы айтқандары, сапар өлеңдері, насихат үлгілері, тікелей сын өрнектері, тұлғалар жырлары, жоқтаулары, хат өлеңдері, айтыс нақыштары, еркін өлеңдері, аңыз дастандары, тұспал өлеңдері, арнау, сырласу, нақыл өлеңдері, жетпіс бап өлеңдер топтамасы, деректі дастандары, аңыз хикаяттары, мысал өлеңдері т.с.с. топтастырылып берілді. Әрбір томның соңында 60-70 бетті қамтитын ғылыми түсініктемелері де бар. Онда кітапқа енген әрбір мәтіннің қағазға түсу паспорты: қашан, қайда жазылғаны, қай қолжазбаларда сақталғаны, қандай көшірмелері бар екендігі т.б. – бәрі де текстологиялық сараптаулардан өтіп, өзара салыстырылып берілген. Сондай-ақ ақын туындылары түркі әдебиетінде діни тақырыптағы әдебиеттің негізін салушы Қожа Ахмет Иассауи (XII ғ.), әлем халықтары мойындаған Жүсіп

Баласағұни (XI ғ.) т.с.с. шығармаларымен үндестік, сарындастықта салыстырылып талданады. Тіпті, еңбектегі шығарманың қандай жағдайда туғаны хақындағы деректер де келтіріледі.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы ислам ықпалы мен шығыстың әдеби дәстүрдің сыр-сипатын сараптау, өлең дастандары сюжетінің бастау көздерін ашу шығыстық әдеби дәстүрдің қазақ әдебиетіндегі, оның ішінде Мәшһүр Жүсіп шығармашылығындағы көркемдік құралдар сипатын таразылау, ақынның өзіндік ізденісін, шығыс әдебиетіндегі бай дәстүрге қосқан үлесін анықтау, шығыстық дәстүр мен ұлттық өрнек арақатынасындағы өзара ықпал мен тамырластықты межелеу т.с.с.- бәрі де осы ғылыми түсініктемелерде орын алған.

Ал, көптомдықтың 5,6,7,11,14-19 томдарына келсек, мұнда Мәшһүр Жүсіптің қағазға түсіруімен қазіргі ұрпаққа жеткен қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілері топтастырылды. Атап айтқанда, тұрмыс – салт жырлары, аңыздар, ертегілер, эпостық жырлар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, шешендік өлеңдер, хандар, билер, батырлар сөздері, айтыс үлгілері, халық өлеңдері, бата үлгілері, авторы беймәлім өлең-дастандар, күлдіргі сөздер, түрлі әңгімелер, XVII ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармалары т.с.с. Еңбек қазақ фольклорын, тарихын, этнографиясын, психологиясын, педагогикасын, т.б. зерттеуші ғалымдарға бағалы материал көзі болмақ.

Ел арасынан ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алғанда, жеткізушінің аты-жөнін, нұсқаның қай жерде, тіпті қай мезгілде хатқа түскенін т.б. қамтитын жалпы жинаушының таныстыруды Мәшһүр Жүсіптің орындағаны белгілі. Әйткенмен Мәшһүр Жүсіптің өзіндік жинаушылық ерекшелігі де бар. Мәселен, ол кісі қолжазбаларының кей жерлерінде фольклорлық

шығарманы айтушының есімін кейде не сөз арасы, не тексттің ішінде кірістіріп жазып кетуді машық еткен. Ондағы себебі фольклорлық үлгіні жеткізушінің есімі ел жадында ұмытылмай, жазылған мәтінмен бірге айтылып жүрсін деген ойдан туындаған тәрізді. Міне, бұлардың бәрі де аталған томдарда орын алған.

Ақынның 8,9,10 томдарында XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басына дейін ұмытылмай жеткен ел арасындағы, Ташкент, Бұхара, Самарқанд т.с.с. кітапханаларындағы көне кітап, қолжазбалардағы тарихи құнды деректер жинақталып берілген. Осы орайда шет елдегі тарихи құжаттарда өз кезегіндегі түрлі саясатқа сай қазақ тарихын бұрмалау орын алуы мүмкіндігін дәйектесек, Мәшһүр Жүсіптің белгілі бір тарихи оқиғалардың ішінде болғандардан мәліметтерді жазып алуы тарихи шындыққа жақындата түсері анық. Қолжазбалар мазмұнына шолу жасасақ, Мәшһүр Жүсіптің әр кітабында жазылған мәтіндер (хандар, батырлар, билер, қажылар, тарихи тұлғалар т.б.) бірде әдеби нұсқа, бірде тарихи мәлімет көзі деп қарауымызға болады. Оның ішінде ақынның өз сөзі қайсы, қолданған мысалы қайсы екенін ажырату да қиынға түседі.

Мәшһүртанудағы тұлғатану, деректану мәселелерін қарастырғанда деректі аудару, жариялау, сараптау жағына баса назар аударуымызға тура келеді. Хадимшеден аударудың өз қиындықтары бар. Мәтіндер қайта-қайта екінші, үшінші рет тәржімалау барысында оқылады, аударылды деген кейбір сөздер, атаулар мағынасы, негізінен, дауысты дыбыстардың не болмауынан, не толық ажыратылмауынан мағынасы өзгеріп жатады. Дауыссыз «м, х, ш, д» топтамасын «Мұхаммед», «Махмуд», «Махмед» деп те әртүрлі оқуға болады. Сол себепті мәтін берілгенде көлбеу жақша ішінде сөз аудармасының екінші, үшінші нұсқалары беріліп отырылды. Оқылмаған (немесе аударуға келмейтін) нұсқаларына көп нүкте қойылды. Ал, тік жақша арқылы

мәтінде жазылмаған сөздер, түсіп қалып, жазылмай қалды деген сөздер, біз ұсынған мәтін тақырыптары, мәтіндердің есептік реті, белгілі бір тұлғаға берілген тарихи анықтамалар т.т. берілді. Бұл томдарда Мәшһүр Жүсіп мәтіндері қысқартылмай, қолжазбадағы жазылу реті бойынша толық түрінде берілген. Кейбір көлемді мәтіндер өз ішінен 9, 11 шағын мәтіндерге жіктеледі. Негізінен, еңбекте «Қазақ түбі» деп аталатын шежірелер топтамасы, Нұх, Наурыз тарихы, Сахабалар тарихы, Шыңғыс хан, Үш Жәнібек, Ер Едіге, қазақ хандары, Есім хан, қазақ атауы, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз рулары, Абылай хан, Кенесары, Наурызбай, батырлар, билер тарихы, қазақ шежірелері т.с.с. топтастырылған.

Мәшһүр Жүсіп шежіресі деген ұғымның мағынасы зор. Қолжазбалардағы материалдар мазмұнына қарап, ғалымның тарих, мәдениет, әдебиет, фольклор т.б. мәтіндері бір-бірінен бөлінбей тұтас ұсынылды, ру-тайпаның құрамына байланысты генеалогиялық тараулары енгізілді. Сол себепті қолжазбадағы мәтін тұтастығы (немесе шежірешінің айтпақ ой-пікірінің тұтастығын) сақтау мақсатында шежіре мәтіндерінде орын алған фольклор, әдебиет үлгілері, фәлсафалық-діни ойлары т.с.с. қолжазбадағы жазылу реті бойынша аралас беріліп отырылды. Бұл орайда Мәшһүр Жүсіп жазбасындағы кейбір мәтіндерді тарихқа да, әдебиетке де, тіпті фольклорға да жатқызуға болатынын ескерген жөн. Мұндай жүйелеу ретімен қазақ шежіресінің алты бірдей нұсқасы бөлініп көрсетілді. Бұлар өз ішінен Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ т.с.с. ұрпағын баяндайтын бірнеше тармақтарға жіктеле түседі. Әр кезде, әр адамдардың түрліше айтуына орай кез келген шежіреші шатастыратын сәттер біраз болғандықтан, шежіренің жариялануында бірқатар ерекшеліктер орын алды. Ең алдымен, қолжазбадағы шежіре мәтіндері сол жазылған реті бойынша келтірілді. Әрине мұндай жағдайда мәтін тұтастығы сақталғанмен, ру-тайпалық

жүйе ретімен шежіре тарату үнемі жүзеге аса бермейді. Мәшһүр Жүсіп Арғын руларын әңгімелей отырып, арасында Найман, не Алшын шежіресін де келтіріп отырады. Тіпті Арғын ішіндегі Сүйіндік тарауларын баяндау барысында Айдабол, Күлік, Орманшы, Қаржас т.с.с. аталары аралас өрілетін тұстары да аз емес. Еңбекте тайпа, ру, ата, әулет тарату тізбектері өзара байланыста алма-кезек орын алғанын ескере отырып, әрбір шежіре мәтінін жеке-жеке бөліп көрсетілді. Ал, ру аттарын шатастырып алмау үшін мәтін басында (мазмұны да солай) тік жақша ішінде алдымен тайпа атын (Қыпшақ, Керей көбінесе Арғын), одан кейін ру атын (Сүйіндік, Қаркесек, Қуандық), соңынан ел атауын Айдабол, Күлік, Тұлпар, Қаржас беріліп отырылды. Кімдерден кімдер таратылатындығы осылай ескерілгеннен кейін, Мәшһүр Жүсіптің шежіре сөздері сол қағазға түскен қалпында ұсынылды.

Ал, Мәшһүр Жүсіптің 12, 13 томдарында әдебиет, тарих, фольклор, медицина, психология, педагогика т.б. ғылымдарының басқа да түрлі салалары туралы айтқандары т.б. тікелей өз жазбалары бойынша қамтылды. Мұндағы еңбек тақырыптары, сала, жанр т.б. бойынша жіктеліп берілген жоқ, керісінше, қолжазбаның түптелу, сақталу реті бойынша бірінен соң бірін қалдырмай ұсыну жүзеге асты. Мәшһүр Жүсіп шығармалары мен ғылыми зерттеу еңбектері, хаттары, мақалалары барынша толық, түгел қамтылады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы көркем бейнелер және тарихи тұлғалар (өмірде болған немесе олардың прототиптері) жеке нұсқалар ретінде енгізілді. Мысалы, Бұхар жырау, Жасыбай батыр, Қалқаман, Мамыр, Абай, Мұса Шорманұлы, Исабек ишан, Қамаридтин қазірет т.б.

Сан алуан зерттеу еңбектерде, әдебиет, тіл, тарих, философия, фольклор, педагогика т.б. мәселелеріне жеке-жеке арналған кітаптарда, мақалаларда, кейбір энциклопедиялық басылымдарда ақын-жазушыларға

қатысты деректер баршылық. Алайда, сөз өнерінің, әдебиет пен әдебиеттану, фольклор мен фольклортану, тарих пен тарихтану т.б. ғылымының барлық жанрларын, салаларын қамтитын Мәшһүр Жүсіптің 20 томдық шығармалар жинағы алғаш рет қолға алынып отыр. Мұндай қалың көпшілікке арналған, сан-салалы дерек-материалдарды жинақтап, жүйелі түрде баяндап, ұлттық сөз өнеріміз, әдебиетіміз, фольклорымыз, тарихымыз, тіліміз, философиямыз, этнографиямыз туралы т.с.с. жазған Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы туралы тұтас түсінік қалыптастыратын қомақты ғылыми түсініктемелердің еңбектің әр томының соңынан берілуі – еңбектің маңыздылығын арттырады сөзсіз. Соңғы еліміз тәуелсіздік алғалы 32 жылда қоғамдық өмірдегі, халықтың ой-санасындағы өзгерістерге орай әдебиетке, тілге, фольклорға, тарихқа, жалпы ғылым мен мәдениетке деген көзқарас, көптеген ұғым-түсініктер мүлде өзгерді. Мәдениетіміздің ақтандақ деп аталып, оқырмандарға ұзақ уақыт бойы мәлімсіз болып келген беттері ашылды. Заманға сай жазылған Мәшһүр Жүсіп туралы жаңа еңбектер өмірге келді. Ақын қолжазбаларында сақталған бұрынғы жырау-жыршылардың, ақындардың ауызша тарап келген өлең-жырлары, поэма-дастандары молынан басылып шықты. Мәшһүр Жүсіптің әдебиет, тіл, фольклор, тарих т.б. туралы мәселелерін әр қырынан талдайтын жүздеген жаңа зерттеулерге, диссертацияларға, кітаптар мен мақалаларға ұласты. Қолжазбалар қорынан, мұрағат қоймасынан алынып, Мәшһүр Жүсіптің қыруар құнды деректері жария болды. Осының бәрі қазақ ғылымы мен мәдениетінің аясы бұрынғы түсініктермен салыстырғанда әлде қайда кең екенін, ғылым мен мәдениеттің ел өміріндегі, тарихындағы атқарып келген және атқаратын міндеті айрықша зор екендігін айқын танытты. Осы Мәшһүр Жүсіптің артына қалдырған мол қазынасын толық ел игілігіне асыруға, әсіресе, жастардың, әдебиет, сүйетін



қауымның, әдебиеттанушылар мен сыншылардың, тілшілер мен тарихшылардың, журналистердің т.б. қажетіне жаратуға себебін тигізерлік бірден-бір еңбек-Мәшһүр Жүсіптің 20 томдығы болады деген ойдамыз. Сонымен қатар бұл еңбекте қазақ фольклорының, поэзиясының сан ғасырлық тарихи даму сатыларын айқын аңғартатын ежелгі әдеби нұсқаларға, XV-XIX ғасырлардағы жырау-жыршылар поэзиясына, ертегі-аңыздарға, батырлық, ғашықтық жыр-дастандарға да назар аударылды.

Қорыта келгенде, «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» атты 20 томдық еңбек ғылым мен мәдениеттің бүгінгі көтерген деңгейін жан-жақты танытып, оқырмандарға Мәшһүр Жүсіптің өмірі мен шығармашылығына, сол арқылы туған әдебиетімізге, тілімізге, тарихымызға т.с.с. деген ықылас-ниетін аз да болса арттырар болса, онда осы аталған еңбектердің жұртшылық қажетіне жарағаны деп білеміз.

## ТОРАЙҒЫРОВ ТАҒЫЛЫМЫ

А. С. ЕСПЕНБЕТОВ

ф.ғ.д., профессор, «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО-ның жетекшісі, Шәкәрім университеті, Семей қ.

Мақаланың басты мақсаты – Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығындағы жаңашылдық (новаторство) сипаттың мән-мағынасына жол сілтеу. Қысқа ғұмырында әдеби процесте ізденгіштігін танытқан ұлы қаламгердің өнегесін – идеялық, тақырыптық, формалық, көркемдік ізденістерін саралау.

Қазақ поэзиясының заңғар биігі ұлы Абайдан соңғы әдеби дамуда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың алатын орны айрықша. «Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа!» деп ізет пен ілтипатын өленмен төккен Сұлтанмахмұт

қазақ поэзиясын заман талабына сәйкес жаңа өрнек, тың бояулармен байытты.

Сұлтанмахмұт ақын есімі қазақ өлеңінде мәрмәр тастан қашағандай мәңгілік. Мұндай ақындар өте сирек, тіпті ғасырда бір туары сөзсіз.

Ол – артына өлмес те өшпес мол мұра, қымбатты қазына қалдырған ұлы ақын. Ол – шырт ұйқыдағы қазағын оятқан поэзия сардарларының бірегейі.

Алаш қызметіне, алаштық идеяның үстемдік етуіне қасықтай қаны қалғанша үлесін қосты. Алаш қайраткерлері оның бағасы мен қасиетті орнын жоғары бағалаған.

Дәл осы жерде тарихшы академик Мәмбет Қойгелдиев «М.Әуезовтің өмір жолындағы Орынбор және Ташкент кезеңдері» («Жас Алаш», 2020, 28 сәуір, мақаласында бұрын айналымға түспеген дерек келтіреді: «Ғалым ағайым [Ғалым Ахмедов – А. Е.] айтқан тағы бір детальды оқырманға жеткізу артық болмас. 1923 жылы Орынборда Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 30 жылдығы аталып өтеді.

Оған жиналған жұрт жиналысты Ахаңа [Ахмет Байтұрсынов – А.Е.] ұсынады. Сонда Ахаң: «Жоқ, ондай шешім әділетті болмайды, ұлы ақынға арналған кешті ұлы ақынның жүргізуі жарасымды болмақ» деп жолды Мағжан Жұмабаевқа береді». Алашын асқақтатуды, ұлтын оятуды мұрат еткен қайраткерлердің пікір жарасымдылығы осындай болмақ.

Мақсат – әр жанрда Сұлтанмахмұт алған асуларға назар аудару.

Ғасырлар, жылдар бойы еркіндікті көксеген халықтың ежелгі арманын бұлжытпай танып, оны сол халықтың ізгі мүддесімен байланыстыра асқақ пафоспен жырлау – тек біртуар ақын ғана жүзеге асыра алатын үлкен, қомақты іс. Табиғат сыйлаған ақындық дарынға қоса, нәзік сезім һәм зор білімнің иесі С.Торайғыров қас қағымдай ғана уақыт ғұмыр сүріп, халқымыздың көркемдік ойы тарихынан мәңгілік орын алды. Мұның

төркіні, қаламгер шығармаларының жан жүйесіне әбден сінген халықтық рух, ұлттық дәстүр, азаматтық биік қасиеттермен тығыз байланысты.

С.Торайғыров жасынан сезімтал, тебіренгіш, алғыр ойлы, зор талантты ақын, өршіл, бірбеткей азамат ретінде танылды. Алаштық идея дауылы оятқан, жігерлендірген Торайғыров ақындық алғашқы қадамынан «жоқ-барды, ертегіні терген» жоқ, қазақ өмірінің реалдық қалпын, халықтың ізгі сезім-арманын көркем туындыларына арқау етті.

«Лирика – ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі» [1], – дейді академик З.Қабдолов. Шығармашылық еңбегінің басы, тұңғыш өлеңі «Секілді өмір қысқа, жарты тұтамнан» бастап, дүниеден қайтарында ескі досымен бақұлдасуы іспетті «Қожеке, келдіңіз бе көңілім сұрай» туындысына дейінгі әдеби мұрасында барлық ақындықтың шартындай жалынды, жанды, өткір сезімді шындалған шеберлікпен өрнектеуге жетісті.

Қазақ әдебиеті тарихында «роман» ұғымының пайда болғанына аса көп уақыт өткен жоқ. Дей тұрсақ та, роман жанрының тарихы қазақ әдебиетінің өткен жолымен тығыз байланыста екендігін ешкім жоққа шығармайды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас шеніндегі ұланғайыр әлеуметтік өзгерістерді көркемдік әлеміне алып шығу үшін жаңа түрлік және жанрлық ізденістердің қажеттігі туды. Дәуір келбетін жинақтап, ондағы қайшылықтар мен қосқыртысты оқиғаларды, адамның санасы мен мінезіндегі күрделі құбылыстарды суреттеуде роман сияқты кең құлашты эпикалық жанрға жүгінуге тура келді.

«Қазақ», «Айқап» романның дүниеге келуін қызу қуаттады. Бәйге ұйымдастырылды. Жылқы жарысына бәйге тігетін қазақ өнер, білімге бәйге тіксе деді. Қамарға Ахмет ғашық, Қамар да оны сүйеді.

Қамардың Ахметке жолдаған хатынан біраз сыр аңғарылады. Тоңы жібімеген ескі салт, содырлы,

зорлықшыл заман, қоғам. Хат демекші, осы «Қамар сұлуда» ол үлкен маңызға иеленген. Жазушы хат формасын түрлі мақсатқа пайдаланады. Қамар – Ахмет, Ахмет – Қамар хаттары ішкі сезімді өрнектеп, жүрек жылуын сезінуге, дірілдеген нәзік сезімді түйсінуге көмектесе, Ахмет – Қасен, Жорға Нұрым – Қамар, Қамар – Жорға Нұрым арасындағы хаттар образдың жан-жақты ашылуына, қоршаған ортадағы әлеуметтік теңсіздік сырларын қотара көтеріп, кейіпкер бейнесін сомдауға қызмет жасаған. «Қамар сұлудағы» хаттар көркем прозадағы диалог санатында.

«Қамар сұлуда» С.Торайғыров өмір сырын танығыш, ой көзі көреген, дарынды жазушы екенін көрсетті» [2], – деген еді білімдер әдебиетші Темірғали Нұртазин. «Қамар сұлу» романын жазумен С.Торайғыров суреткерлік мүмкіндіктерін ғана әйгілеп қойған жоқ, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде роман аталатын күрделі жанрдың қалыптасуына зор ықпалын тигізді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлудан» кейін жазған шығармасы «Кім жазықты?» Орны толмайтын өкініш романның толық нұсқасы бізге жетпей қалған.

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ауылында әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі Тасболат Әжібай, Қабыштардың күні өтіп, шаңырағы шайқалып бара жатқандығы, қоғамның іштей азып-тозуға бет бұрғандығы мейлінше нанымды, керек десеңіз, ғажап жарасымды суреттелген. Сол себептен де, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кім жазықты?» туындысы – көп жоспарлы, реалистік, әлеуметтік роман жүгін қайыспай көтерген шығарма.

Алғашқы қазақ романдарының айрықша қасиеті тек қана жаңа жанр бастауында тұруымен шектелмейді. Мәселе сол бастаудың үрдісті айдынға айналуында. Бүгінде өркені өсіп, өрісі кеңейген қазақ романының салиқалы өрнегінде, сындарлы келбетінде тұңғыш

романдардың елес сәулесі жылт етіп көрінсе – дәстүрдің жалғасқаны.

Бүгінгі күні роман оқылмайтындығын, бірнеше томдық шығарма оқырманды жалықтырып жіберетіндігін желеу етіп кесекөлденең алдыға тартқысы келетін жас қаламгерлер, біздіңше, қатты қателеседі. Сөзі дәмді, ойы нәрлі, бояуы қанық, айтпағы айқын туынды неге оқылмасын?! Әлемдік әдебиет тарихынан мысалдар келтіру қиындық келтірмейді. Роман – адамның санасын тәрбиелеп, жанына сәуле нұрын құятын, дүниетанымын кеңейтетін өнердің ғажайып үлгісі. Оны елемеу алысқа апармайды, ұшпаққа шығармайды.

1914 жылы «Қазақ» газетінен орын алған Арысұлының «Роман не нәрсе?» мақаласы уақытында дүмпу туғызғаны анық.

Өткен ғасырлар тоғысында оқырман қауымға арналған есті сөз, соны лебіз қазақ романының болашағын анықтауға түрткі болды. Бүгінгі қазақ романы кемелденген, ойлылық пен образдылықты серік еткен, сан салалы, кен жоспарлы, көпфункционалды көркем әлем дәрежесіне көтерілді. Бүгінгі оқушы «Роман не нәрсе?» деп танданбайды. Роман – қазақ көркем сөзінің өлшемі, әдебиеттің басты жанры, ұстанатын бағдары, әлемдік әдеби процеске салған олжасы.

Сұлтанмахмұт Торайғыров поэмалары – ұлттық сөз өнеріміздегі таңдай қағарлық құбылыс. «Мағжан, Сұлтанмахмұттың поэма желісін қаққан себебі кейбір өлең тақырыптары шағын форма аясына сыймады... Ұлт адамы жеке дара тұлғаға айналды Оның ішін ашу үшін лириканы төгілту керек. Қоғамдық істерін көрсетуге эпостық құлаш керек. Ал лирика мен эпостың құймасын әртүрлі салмақта жасайтын жанр – поэма», – дейді Ш.Елеуқенов.

Көптің білетіні – «Адасқан өмір», «Кедей». «Таныстыру», «Айтыс» – зиянды, жабық, тұтқында болды.

«Таныстыру» 1917 жылдың күзі мен 1918 жылдың қысында Сұлтанмахмұт Абай елінде болғанда жазылған.

Төңкерістен соң елді жаңа жолға бастайтын азаматтар кімдер деген сұрақ тұрды. С.Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасы осы сауалға тура жауап бергендей еді.

Ақынның таңдап алған формасы да қызық. Поэма қара қазақ пен оқыған зиялы адамның диалогіне құрылған.

Туғанда құдай иіп мұндай заман,  
Сұрайтын бір сөзім бар сенен балам.  
Тап біздің осы Семей облысының  
Көш басшы адамдарын айтшы маған.  
Біз дағы жоспарлайық өзімізше,  
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Қара қазақ сауалы. Шындығында заман өзгеріп, уақыт аумалы-төкпелі қалыпта тұрғанда болашағын ойлайтын әр адамның қоюға тиісті сауалы. Сөз кезегі тиген оқыған да әңгіме тиегін ағытады:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,  
Демейді қандай қазақ оны он көзі.  
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,  
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі...  
Түймеге жарқылдаған алданбаған,  
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.  
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,  
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Поэманы оқығанда, өлеңмен жазылған мінездемелермен танысып отырғандай әсерге бөленесіз. Есімдері поэмада аталатын қазақ зиялыларының жарқын бейнелері іс-қимылымен, кескін-келбетімен, мінез-құлқымен көз алдына келіп тұра қалады. «Бірі күн, бірі шолпан, бірі ай» Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов ел-жұрты тарыққанда

жол сілтейтін көсем, халық тағдыры безбенге түскенде көмекейлері бүлкілдеген шешен, тар заманда тәуекелге бел байлайтын перзенттер екендігін қара қазақ айтқызбай-ақ ұғады.

«Таныстыру» – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэма жанрындағы тұңғыш талпынысы, толайым табысы.

Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларын жазу барысында бүкіл шығармашылығының өзегі – саяси-әлеуметтік тақырыпты сан қырынан барлап, идеялық-эстетикалық тұрғыдан кекселенгендігін дәлелдеді. Байлық, кедейлік, адалдық, арамдық төңірегіндегі тебіреністер дами келе, уақыт сынынан өтіп, ұсақ өлеңнен салауатты лирикалық-философиялық поэмаларға ұласты. Сөйтіп қазақ поэзиясында жаңа кейіпкерлер – лирикалық «мен» және кедей дүниеге келді, әдебиеттегі ұнамды образдар галереясын толықтыра, молықтыра, көріктендіре түсті.

«Образ болмай ойдың да қасиеті болмайды. Жұрт айтып жүрген ойды сіз де айтасыз, – деп жазды М.О.Әуезов. Жұрт айтпаған ойды айту – анда-санда бір ұшырасатын бақыт, ол ырыс» [3]. С.Торайғыровтың кемел суреткерлігі сонда, – ол поэмаларындағы жаңа кейіпкерлерінің аузымен тұңғыықтан тартып терең ой айтты, сыршыл сырлы сезім пернелерін дәл басты. Жылдар бойы оқырманға жол таба алмай келді. Осы жолдар авторы «Айтыс» поэмасын «Жұлдыз» журналында жариялады [4].

«Айтыс» – 1919-1920 жылдары ақын қаламынан шыққан тартымды туынды. Өзек жарған өрелі дүниесі – «Айтысты» бітіре алмағандығын ақын өкініш етіпті. Әрқашан ізденгіш, жаңалыққа құштар С.Торайғыров «Айтыс» поэмасын жазуда да төтенше суреткерлік әдісті пайдаланған. Қазақ фольклорындағы көне де құнарлы жанр айтыс поэтикасына ден қойған. Дала ақыны мен қала ақынын айтыстыра келіп, қоғамдағы, қоршаған орталағы, өмірдегі сан қырлы әлеуметтік, адамгершілік, этикалық мәселелерді көтерген.

Поэмада екі кейіпкер бар – дала ақыны, қала ақыны.

«Айтыс» поэмасы біз өмір сүріп отырған бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін ұрпақпен бірге көтеріскендей күй кештіреді. Халық тағдыры таразыға түсіп, жан экологиясы, тіл қасіреті басты мәселеге ұласып, Аралды арашалау, Семейдегі зілзала полигон зардаптарын жою, адамгершілік, имандылыққа жүгіну әрбір саналы азаматтың көкірегіндегі көкसेген арманына тоғысқан беймаза кезеңде «Айтысты» ой жүгіртіп қайта-қайта оқу керек.

Айтысты бастаған қала ақыны менмендік танытып, білгішсіп, менсінбей сөйлейді:

Сен кімсің семіз, толық тән жағынан?  
Өгіздей бар шығарсың әл жағынан.  
Көрінген көрнегіннен, жүрісіңнен,  
Топастығың білінген әр жағынан.

Тоқталып, тосылатын дала ақыны ма? Кезегі тие сала дала көркін, дала сымбатын жырға бөлейді, елдігін, елінің ерлігін паш етеді.

Мен – қазақ, қазақтың деп мақтанамын,  
Ұранға алаш деген атты аламын.  
Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім қазақ,  
Мен неге қазақтың сақтанамын?  
Ерікті ен даланың құсынша ұшып,  
Ер жеттім кеңшіліктің сүтін ішіп.  
Сен құсап сармасадай ілбиткен жоқ,  
Қаланың көшесінде жоқтық қысып.  
Алтай, Ертіс, Сырдария, Есіл, Жайық  
Арасын қоныс қылдым ірге жайып,  
Елім, жерім, қорғайтын ерім болып,  
Ер жеттім ен далада лықа байып.

Дала ақыны шалқып сөйлейді. Сұлтанмахмұт дала ақынының шабытына қанат бітіріп, көсілте, нөсерлете

төккізеді. Себебі дала тынысы, дала тірлігі Сарыарқаның төсінде өскен ақынға ыстық, жақын.

Қала ақыны қайырыла сұрақ қойып, далада мақтанарлық не бар, кісі қызығарлық қасиеттерінді айт деп қамшылайды. Дала ақыны кең жазира жерін, ондағы елін таныстыра жөнеледі:

С.Торайғыровтың «Айтыс» поэмасы – ХХ ғасыр әдебиетіне қосылған қомақты олжа, айтулы қазына. Ақын лирикалық қаһармандарының жан дүниесін ақтара ашып, әлеуметтік, адамгершілік проблемаларын бүкіл адамзаттық деңгейге көтере қозғады және бұл бағыттағы ізденісі жемісті.

С.Торайғыров поэмаларында кейіпкер санаулы ғана – «мен», кедей, оқыған, қара қазақ, дала ақыны, қала ақыны. Оның суреткерлік сұңғылалығы бірер кейіпкер көңіл күйі. сезім тебіренісі арқылы адамзаттың өмірі, тірлігінің мәні, адам атаулының болашаққа талпынысы философиялық түйіндеулерге негіз болып, әсемдік әлемінде соны дүниелер санатында мәңгі-бақи қалуында.

С.Торайғыровтың «Таныстыру», «Адасқан әмір», «Кедей», «Айтыс» туындылары – қазақ поэмасы тарихындағы жаңа беттер ғана емес, әдебиетіміздегі бедерлі белес, үрдісті үлес, кезеңдік шығармалар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығарма мазмұнының тереңдігі, ішкі үйлесімінің тартымдылығымен бірге формалық ізденістердің сан алуандығына, тілдік ою-өрнектердің, бояулардың дәлдігіне ден қойды. Ғасырлар бойы тіні үзілмей келе жатқан өнер сабақтастығы тәнті етеді.

С.Торайғыровтың публицистикалық мұрасы сан салалы. Онда очерк, проблемалық мақала, әңгіме, әдебиет сыны, рецензия, мақала-репортаж, ел аузынан жиған-терген, аударма материалдары да ұшырасады. Торайғыровтың әр жанрда қалам тартуы зор білімдарлығын, жаңалық атаулыға жақын тұруын тағы да әйгілей түседі. Кейінгі ұрпақ көздің қарашығындай сақтауға тиісті публицистикалық мұрасы ХХ ғасыр

басында жаңа жанрлардың дүниеге келуіне мұрындық болды.

С.Торайғыровтың көсемсөзі мен ұсақ прозасы қазақ мәдениетінің тарихына айта қаларлықтай үлес болып қосылған, сыр-сымбаты, ішкі қуаты ерек туындылар. Жанрлық сонылықтарына қоса әдеби процестің ой-өрісін, шеңберін жаңа сатыға көтерген туындылар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров есімі ғасырлар бойы ардақталып, ал шығармашылық мұрасы келер ұрпақтың рухани мирасы болып қала бермек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы. – Алматы: Мектеп, 1983. – 39 б.

2 Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. –160 б.

3 Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 451 б.

4 «Жұлдыз, 1989, №12.

#### ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒАЛЫМДАР ОРНЫ ТУРАЛЫ

БЕРТЫМУРАТОВ. ЖОЛДАС ҚАЖЫ  
ҚМДБ-ның Павлодар облысы бойынша  
Бас имамы

Аса қамқор, ерекше Алланың атымен бастаймын!

**Құрметті Еркін Тоқұхаммедұлы!**

**Әулие болған Ғабдылуахит Хазірет Тіленшіұлының 170 жылдығына, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 165 жылдығына, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына және ақын Музафар Әлімбаевтың 100 жылдығына арналған «ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ» атты Халықаралық ғылыми конференцияның қатысушылары! Сіздерге**

**Алланың жақсылығымен, амандығы болсын. Бүгінгі конференция сәті және пайдалы болсын.**

Ислам діни ғылымға қатты көңіл бөледі. Құран Кәрімде Алла тағала ғылым, білім деген сөздерін көп айтып сонымен қатар оған амал етуге шақырады. Пайғамбар Мұхаммед үнірде отырған кезде ең бірінші түскен аят «оқы» деген сөзпен басталды. **«Оқы! Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың аса ардақты. Ол қаламмен (хат жазуды) үйретті. Адамға білмеген нәрселерді білгізді,»** -деп, Құранның ең алғашқы аяты «оқы» деп түскен. (1) Алла Тағала Құран Кәрімде білімнің артықшылығын бізге былай баяндайды: **«Білетіндер мен білмейтіндер тең ба? Шын мәнінде ақыл иелері ғана ғибрат ала алады!»**, деген. (2) Алла адамды білімді болуға сол арқылы көп нәрселерді үйренуге үндейды. Егер ислам діни зорлық, зомбылық діні болғанда онда мынандай дәрежеге жетпей және осындай жерлерге таралмаушы еді.

Екінші жақтан Құран Кәрімдегі білім, ғылым деген сөздерін ғалымдар неші рет қайталанып келеді екен деп санаған, сонда білім деген сөзі 800 ретке жақын қайталанып келетіні анық болған. Бұл дегені білімге Ислам діни қатты көңіл бөледі, Мұхаммед Пайғамбар **«Білімді талап ету әрбір мұсылманға парыз, деген (3), басқа сөзінде «Алла Тағала кімге жақсылық қаласа, дінді терең білуді нәсіп етеді» дейді (4).** Бұл хадистердің бәрі адамды білім ізденуге, үйренуге шақырады.

Мұхаммед Пайғамбар ислам дінін теория жағынан көрсетіп, баяндап беріп кетті, яғни құлшылық жүйесі намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылық орындау сияқты жұмыстарды. Ал одан кейінгі келген ғалымдар оны практика (тәжрибие) ретінде жазып бекітті, мысалы Намаз оқудың қанша парызы, уәжібі, сүннет сияқты топтама ережелерін ғалымдар ізденіп, Құранға және Мұхаммед Пайғамбардың сүннеттеріне қарап бекітіп

жазып кетті, дәл солай Құранды оқу үшін арнайы ережесі бар ол ереже кітабын «тәжуид» деп атайды, бұл кітап, Құранды оқу ережелерін көрсетіп, жазылып берілген. Бұл дегені Мұхаммед Пайғамбар оны теория ретінде көрсетті, ал одан кейінгі ғалымдар ережесін, оқу тәртібін кітап ретінде жазды. Дәл солай әр түрлі ережелерді жинап, оның тәртібін жазып беріп кетті. Ол Құран Кәрім, Хадис ғылымы, Фикһ ғылымы немесе басқа ғылымдарды, ғалымдар келіп реттеп беріп кетті. Сондықтан қазақ даласына ислам діни келген кезде біліммен, ғылыммен бірге келді. Ал біздің аталарымыз ғылымдарға қарсы шыққан жоқ, керісінше барлық жақтама қолдап, қуаттап тарата бастады. Бізде сопылық жолы қатты дамыған кездері болды. Сопылық білімі келген кезде ата бабамыз оны дұрыс түсініп, адамдың ішкі дүниесін реттейтін білім ретінде мойындап, оны қолдана бастады, мысалы «ишан» деген сөзі негізгі болған мағынасы парсы тілінде «олар» дегенді білідреді алайда қазақ даласына келген кезде бұл сөз «әулие» ұғымын білдіретін болды. Бұл дегені қазақ даласындағы қолданыстағы сөздер өзінің негізгі мағынасын жоғалтты. Ишан сөзі бастапқыда олар деген сөзпен келіп ал уақыт өте әулие кісілерге айтылатын болды.

Қазақ даласынан шыққан ғалымдар, Мұхаммедтың жолын жалғастырды. Білімді үйреніп басқаларға жетекеше білді. Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб, Бекет ата, Мәшһүр Жүсіп ағамыз, Ғабдылуахит Хәзірет секілді ғалымдар ислам дінін медреселерден үйреніп одан кейін алған білімдерін халыққа жеткізді. Ислам дінін беделін түсірген жоқ. Біздің өңірден шыққан әулиелер ең бірінші Алланы жақсы көріп, сол жолда білімдерін, күш-жігерлерін сарып етті. Сондықтан олардың өмірі келешек ұрпаққа өнеге, тәрбие десек қателеспейміз. Конференция бағытын жастарға бұрып, соларға барлық жақтама жеткізе білсек жақсы болушы еді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құран Кәрім Алақ сүресі, 1-5 аяттары
- 2 Құран Кәрім Зұмар сүресі, 9-аят
- 3 Хадис, Ибн Мажа
- 4 Хадис, Бұхари, Мұслим

### ӨРНЕКТІ СӨЗ, ҚАЙРАТТЫ ҚАЛАМ ИЕГЕРІ

А. Ф. ЗЕЙНУЛИНА

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

А. Т. ТАШЕКОВА

пед.ғыл.магистрі, аға оқытушы,  
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ұрпаққа патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін, керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және ұлтжандылық қасиетін таныта білетін саналы ғұмыр иесі болуға шақыратын қаламгер шығармашылығы қоғам үшін маңызы ерекше. Қоғам психологиясына тән нәрсе — олардың ерлікті дәріптейтін шығарманы көп оқуы. Өйткені олар мұндай шығармаларды өте тез түсінеді, тез қабылдайды. Олар әрқашан патриоттық күш-қайрат беретін, өздерін жігерлендіре түсетін шығармалардың ішіндегі кейіпкерлерге үнемі еліктеп отырады.

Мазмұны қызықты және оқушысын патриоттық идеяға баулитын шығармалар жастың үлкен, кішілігіне қарамай бәріне бірдей қызмет етеді. Біз «баланың зейіні нашар, ақылы өткір емес деп ойлаймыз, жоқ, олай емес, баланың тек тәжірибесі ғана жоқ, ал ақылы өткір, қиялы жүйрік екеніне сеніңіз. Үлкен кісілердің кез келгеніне ұғындыра алмайтын алгебраның қиын есептерін он екі жасар бала оқып үйренеді ғой...»,—дейді Н. Г. Чернышевский. Ал көркем сөздің зергері Жүсіпбек Аймауытов - Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл

үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой фәлсәфәсін де меңгереді»- деген еді. Міне,осындай өре – талаптан шыға білген, өзінің алғашқы шығармаларын балалар әлеміне арнаған ақын, бала тілі мен ой өрісінің саңылауын терең меңгерген қаламгер – Мұзафар Әлімбаев еді.

Мұзафар Әлімбаевтың ақындық бақыты мен тағдыры туралы айтқанда оның қазақ балалар әдебиетіне сіңірген еңбегіне тоқталу шарт. Ұзын ырға тарихы қырық жылға жуықтаған «Балдырған» журналын Мұзафар Әлімбаев өз қолымен құрып, 25 жыл бас редактор ретінде басқаруы қазақ балалар әдебиеті үшін ырыс-құт болды. «Балдырған» журналы арқылы дүние жүзі балалар әдебиетіндегі бар дәстүрлер мен тың ізденістер қазақ топырағына сінді. Бойындағы бар әкелік, аталық мейірімі мен айбарын балаларға арнайтын шын мәніндегі балалар қаламгері «Балдырған» арқылы қалыптасты. Қазақтың қара домалақтарының жан дүниесін «Балдырғанда» жауһар жырларымен әдемі өрнектей білді.

Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлы: ... Ақындық – табиғаттың саннан тандап бірен-саран адамдарға беретін артық өнері.Тілді бұзбай ұстарту, шеберлету, байыту – ақындардың мойындарына артылған зор борыш деген екен. Осы ретте адам рухын көтерер, оның ойын марқайтып, жырына азық берер – өмір десек, Мұзафар Әлімбаев жырлары сол өмірдің алуан түрлі сырын, ондағы өзгерістерді шынайы бейнелейді. Ол өзгерістің негізгі куәгері болып ақын өлеңдерінің лирикалық қаһарманының тағдыры тұрады.

Мұзағаның шығармашылығында – сабақтасқан сезім, әрекеті қабаттасқан өмір көріністері тұнып тұрады. Оның поэзиясы ешкімге ұқсамайтын өзгеше әлем. Сарынынан жаңылмайтын, сағасынан асып - тасып шықпайтын, сабырлы да саялы, жағасына мәңгі көктем орнаған дариядай сұлу дүние екеніне таң қаласың!

Қазақтың сөз өнері өте көркем. Сөзбен әсер ету, көрікті ойдан көркем сөз айту қазақ ұрпағының маңдайына дарыған зор дарын! Өйткені Ұлы Даланың батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін тұтастырып, бір ұлт ретінде сақтап келген сөз күдіреті болатын. Қазақ сөзге тоқтаған ұлт, сол қасиеті ешқандай заманауи техника мен технологиясыз-ақ халықты бір рухани орталыққа топтастырып отырған. Өзге жұрттың дәстүріне негізделген уақыт талаптарының құшағында жұтылып кетпес үшін өз дәстүрін, өз құндылығын жана заманға бейімдеу тәсілі де өз тұғырынан түскен жоқ. Қазақ тумысынан сауатсыз, өркениетке бейімділігі төмен емес, керісінше табиғи мәдениетке негізделген дүниетанымында адамзаттық деңгейдегі құндылықтар ұялаған, терең білімді игерген халық. Осындай ұлттың бірегей ақыны Мұзафар Әлімбаев жырлары да, нақыл сөздері де қазақ жыр алқабында жаңаша көктеп, жаңаша құлпырып таңғажайып әлемі қалыптасты.

Мұзафар Әлімбаев алғашқы туындыларын 15 жасында жазды. Ол Павлодар облысы «Қызыл Ту» газетінде жарық көрді. Содан бастап Мұзафар Әлімбаевтың ұзақ та, жемісті шығармашылық даңғыл жолы басталды. Бастапқыда Мұзафар Әлімбаев балалар жазушысы ретінде танылды, әдеби ортада «бала жанының бағбаны» атанды. Балаларға арналған өлеңді ересектерге жазылған өлеңнен гөрі жақсырақ жазу керек деген ұстаныммен жұмыс істеді. Кейіннен үлкен поэзияға оралды. Мұзафар Әлімбаевтың алғашқы кітабы – «Қарағанды жырлары» 1952 жылы басылып шықты.

Ол 1958 жылы «Балдырған» журналының бас редакторы болды, бұл қызметті 1986 жылға дейін атқарды. Мұзафар Әлімбаев әлем халықтарының жүздеген мақалын қазақ тіліне аударған. Аударып қана қоймай, оны ұлттың болмысына бейімдеп, қазақи ұғым - танымында бере білді. Оларды «666 мақал мен мәтел», «Өрнекті сөз», «Мақал – сөздің мәйегі»

деп аталатын жинақтарға топтастырды. Сонымен қатар әлем поэзиясынан А.С.Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақша сөйлетті. Мұзафар Әлімбаевтың төл туындылары мен аудармаларын қоса есептегенде 64 кітабы жарық көрген екен. Олардың арасында «Қарағанды жырлары», «Жұмбақтар», «Алатау баурайында», «Менің Қазақстаным», «Жолдар – жырлар», «Жүрек лүпілі», «Өрнекті сөз – ортақ қазына», «Қалам қайраты», «Көңіл күнделігінен», «Ақмандайлым», «Маржан сөз», «Балдәурен». 1982 жылы «Аспандағы әпке» өлеңдер жинағы сияқты туындылары қазақ әдебиетінің мол қазынасына айналды.

Мұзафар Әлімбаев шығармашылығы балалыққа, жастыққа тән албырттығымен және соған қарамастан өмір туралы танымының тереңдігімен және сыршылдығымен, тұнығы лайланбаған тазалығымен дараланатын, әдебиетіміздегі ерекше құбылыс болған, ғасырдан-ғасырға жасай беретін – жасампаз поэзия болды. Адамды өмірге ғашық қылдырып, іңкәр сезіміне енін таққан – сыршыл поэзия және сонымен қатар жырларында дауыл күнгі дарияның асау толқынындай алапат күші бар – қуатты поэзия болды.

Мұзафар Әлімбаевтың шығармашылық кеңістігінің бір ерекшелігі – қанатты сөздері де ел арасында халық сөзі, тәрбие құнары секілді тарағандығы. Мысалы, «Үйлену оңай, үй болу қиын», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» қанатты сөзінің авторы Мұзафар Әлімбаев екенін біреу білсе, біреу білмейді. Мұзафар Әлімбаевтың қанатты сөздері өміріміздің әр мезетіне арналғандай. Оқып, таң қаласың, нақты, шынайы. Тап - түйнақтай, әрі салмақты, адасқанға дөп түсетін бір керемет!

Мықтының мұңы да – мылқау;

Шәкіртке ұстаз болу – ірілік, ұстазға ұстаз болу – ұлылық;

Ескерткіш тозса да, естелік тозбайды;

Түйірдей болса да, түйінді ойың болсын;



Жүзіктің өзінен де, көзі қымбат, ақынның  
сыйлығынан сөзі қымбат;

Ұлтын білгің келсе, ғұрпын біл;

Ерден ердің атықтығы – білігі, елден елдің артықтығы  
– бірлігі;

Кішілікке жараған – кісілікке де жарар;

Ынтымақ елдікке жеткізер, елдік ерлікке жеткізер;

Өтіріктің арбасы шындықтың көпірінен өте алмайды;

Талант – табиғаттан, талап – өзіңнен;

Адам тіршілігі қандай мұңлы болғанымен, ол кілең  
бір қасіреттен қаланбайды. Міне, артық – кемі жоқ айтар  
ойдың нақты жауабы!

Қалың жұртшылық үшін оның халқымыздың мақал-  
мәтелдерін жинақтап, зерттеудегі еңбегінің маңызы  
зор. Ол жұрт әрдайым айтып жүретін көптеген қанатты  
сөздер мен сөз тіркестерін өмірге әкелді.

Сұраған ұят емес, білмеген ұят.

Елің күн ғой. Күннен де биік бар ма?

Күннен биік болам деп күйіп қалма.

Күштемеген сөз көкейге тез қонады.

Көз бен қол — көңілдің жалшысы.

Ана тілі

Ананың құнар сүті ғой,

Ғұмыр бойы сен еметін.

Ана тілі

Халқынның ырыс-құты ғой,

Игілігіңе кенелетін... – деп ақын адам ойының  
кемеңгерлігінің естілікпен, ақылдылықпен танытудың  
бағытына жол сілтейді.

Мұзафар Әлімбаев жастарды тәрбиелеу, оқыту  
мәселесіне көңіл бөлумен қатар, жолдастық, достық  
қарым-қатынастар, адамгершілік жайында да іргелі  
пікірлер айтты.

Атасын сатқан – албасты.

Аруақтың жолын кескен азғындайды.

Абыройыңа шақтап сөйле сөзінді,

Өз сөзіңнен биік қойма өзінді.

Адам өз арманына оқ атпас болар.

Жау жамандығынды көрсе – басынады,

Жақсылығынды жасырады.

Орны-орнына кімді қоймас бұл уақыт!

Көптен қалмау - көкке самғау емес. Әсіресе, өнерде.

Кеңістік пен уақытты,

Жеңген қандай бақытты.

Заман соған соғады,

Даңқ деген тақытты.

Табиғаттың қатесін түзеткім келеді - тауы жоқ  
елдерге тау үлестіргім келеді.

Талант – табиғаттан, талап - өзіңнен. – деген қанатты  
ғибратты ойлары небір сауалдарға жауап беріп тастайды.

Достықтағы тұрақсыздық, опасыздық, екі жүзділік  
адам бойындағы ең бір жаман қасиет, ондай жаман  
әдеттен табансыздықтан жастардың бойын аулақ  
ұстауды талап етеді.

Айқайлап сөйлегеннен гөрі,

Ақырын сөйлеген сөзін жақсы ұқтырады.

Адамның ауылын ұмытқаны –

Бауырын ұмытқаны.

Балалық шағын ұмытқаны –

Ата сүтінің дәмін ұмытқаны.

Атасы бірдің,

Батасы бір.

Ақыл – Алланың бергені,

Білім – Адамның тергені.

Арыстанды қанша кемітсең де,

Арланның орнына ие болады.

Абайға тоқтамайтын қазақ

Құдайға да тоқтамайды.

Жас жанның сара көңілі әрқашан әділдікті жақтайтын  
боп өссін деген талаптар қояды. Кіммен достасудың  
аралық белгісін көрсетеді? Күнде жиын, күнде той боп  
жатқандай кейбір кісі қайғысыз, қасіретсіз болады.

Осындайлардан, аулақ болуды, осындайлардан жастарды сақтандыруды әрқашан ескертіп отырады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тауып айтады. Адамға керектісі де сол. Өйткені олар айқындықты, дәлдікті, ақиқатты, көңіл иірімін оятып, өзін болашаққа қызықтырып, итермелеп отыратын тұжырымды ойды қажет етеді. Мұзағаның сөздері мен өлеңдерінің қазақ қоғамына қымбатты да, қажетті жақтары оның осындай тәрбиелік зор бағасы жан - жақты көрінеді. Ол — сондықтан да қазақ ұлттық әдебиетінің негізін қалаушы кемеңгердің бірі.

М. Әлімбаевтың өлең - тақпақтары, қанатты ойлары түгел дерлік оқырманына түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, көркем бейнеленген және ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі зор құнды дүние екендігінде дау жоқ.

Мұзафар Әлімбаевтың тәрбиелік және тағылымдық поэзиясы ана тіліміздің жауһарын жарқыратуда, тәрбие бастауының қайнар көзі болатыны сөзсіз. Ұлттық білім мазмұнында мектеп және мұғалімдер үшін және оқулық пен әдістемелік еңбектерінің басты ұстанымы болуы керек. Ұрпаққа, ата – анаға, ұстаздарға қала берді қазақ қоғамына Мұзағаның айтып кеткен нақыл ғақлияларын терең түсінуге мүмкіндік жасалынуы керек. Жастарға білім беру саласында қызмет етіп жүрген барлық педагогтар, оқытушылар осындай тұлғаның қазақ тарихында бар болуын мақтан тұтуы керек. Болашақ ұрпаққа насихаттап, таныту керек деп ойлаймыз.

Ата жолын ұмытсаң, адасасың,  
Ағарады мезгілсіз қара шашың.  
Ана тіліміз анамыздай жалғыз - ақ!  
Ар – адамды шолжаңдатпайды.  
Айна – жетім, ақ жүздер үңілмесе,  
Ине – жетім, ақ көйлек тігілмесе.  
Кітап – жетім, жағалай оқылмаса,

Ту да – жетім, биікке тігілмесе. – деп Мұзафар ағамыз айтып кеткендей, бала әлемінен толық Адам кеңістігіне дейінгі шартарапта қандай сауал-сұрақ болса, ештеңені жетімсіретпей, жауабын іркілмей осы Мұзафар Әлімбаев шығармаларын оқып тану арқылы кемелденетініміз сөзсіз. Түйірдей болса да - түйінді ой болсын деп айтар сөзіне зор талап қоя білген Мұзағамыздың шығармашылығы жасампаз бола берсін!

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/ Бас ред. Ә.Нысанбаев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 720 б.

2 Әлімбаев М. Екі тақтай – бір көпір: Өлеңдер, тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертектер. – Алматы: Балауса, 1992. – 192 б.

3 Әлімбаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006.- Том 2. – 376 б.

#### ТАРИХТАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҒЫ РОЛІ

БЕКТҰРСЫН ТОРҒАЙБАЙҰЛЫ  
Қостанай қалалық «Марал ишан» мешітінің имамы

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «...ғұмырнама – (араб, иран сөзі) біріншіден, жеке адамның өмір жолы мен өмірбаянын баяндайтын жылнама. Ғұмырнама жазу дәстүрі көне дәуірден басталады. Көне түркі ескерткіштері де ғұмырнама үлгісімен жазылған. Екіншіден, ұзақ әңгіме, хикая, басынан кешкен оқиға», [414 бет. Әшімбаева Н., Рысбергенова Қ., Манкеева Ж. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: 5 т. – Алматы, 2011. – Т. 4. – 752 б.] деген анықтама берілсе, академик М.Қозыбаев: «...ғұмырнама негізінен өмірбаяннан құралған тарих», деп сөздің ұғымын ашады [8 бет.

Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). – Алматы: Ғылым, 1998. – Кітап. 2. - 280 б.].

Мұндай жинақтар әйгілі адамдардың өмір тарихы елі мен халқы үшін атқарған игілікті қызметін баяндайды. Міне бұлардың бәрі зерттеу нәтижесінде құнды дерекке айналады.

Бүгінде, батыстың дамыған өркениетті елдері сияқты жеке тұлғаның тарихтағы ролі туралы еңбектер шығуда. Тарихнамада белгілі бір табыстарға жеттік. Бірақ бұған қарамай әліде зерттейтін тұстарымыз баршылық.

Профессор Ж.Артықбаев – тұлға туралы қанша айтсақ та, оған қандай мағына берсек те, тұлғаның маңызы ешқашан жоғалмауы керек дей келе, «...қазақ шежіресі толыққанды тұлғаны тәрбиелеуге ерекше мән береді, шынтуайтқа келгенде, шежіренің басты міндеттерінің бірі және көшпенділерде тарих мағынасы негізінен осыған келіп тіреледі. Осылайша, ерте уақыттан бері қазақтың далалық тарихтану дәстүрінде тарихтың негізгі категориясы тарихи заман емес, тұлға болып саналады.

Тарихшы-этнограф Ж.Артықбаев Өмірзақ Озғанбайдың «Тарихи тұлғалар тағылымы» кітабына мынадай пікір білдіреді: «...Тұлға кездейсоқ тумайды, тұлға – халықтың жүздеген жылдық сұрыптау тәжірибесінің нәтижесі...Қазіргі қазақ халқына тұлғатану ғылымы қажет. Сонымен бірге мемлекетіміз әлемдік жарысқа кірген уақытта бірегей күрескер тұлғалар да керек, себебі қай заманда болсын, елді ел қатарына қосатын – топ басындағы көсемдері мен ерлері». Автор тарихи тұлға мен тарихи заман ұғымын талдай келе Вильям Грин атап көрсеткендей, «заманды түсінудің кілті – тұлғатануда» деген тұжырымын айтады. Осы тұрғыдан келгенде елге тұлға болып, дауыл тұрғанда халқына пана бола білген есіл ерлеріміздің саяси, тарихи портретін жасап, бүгінгі жас ұрпақтың жүрегіне жеткізіп, тұлғасын танытуымыз заман талап етіп

отырған басты бағыт екенін ұмытпағанымыз абзал. Міне, бүгінгі тарихи тұлғалар Ғабдылуахит Хазірет, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұзафар Әлімбаевтың – мерейтойларын ұлықтаған «Қазақ елінің ұлы перзенттері» атты халықаралық конференция соның бір айғағы.

Баянаула қазақ мәдениеті мен өнеріне, ғылымы мен біліміне Бұқар жырау, Мәшһүр Жүсіп, Шоң би, Шорман мырза, Мұса Шорман, Сәдуақас Мұсаұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Саматов, Әбікей Сәтбаев, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Шапық Шокин, Олжас Сүлейменов сияқты көптеген дара тұлғаларды берген өңір. Ғабдыл-Уахит хазірет атамыз білім қуып Бұқараға кетіп, сол жақта қаланың бай діни дәстүрлерімен танысып, ислам дінінің негізін тереңінен зерттеді. Туған елге оралған соң саналы ғұмырын халыққа қызмет етуге арнап, ағартушылықпен айналысты. Медресе ашып, шәкірт тәрбиелесе, мешіт салып, жамағатқа имандылықты насихаттайды. Асыл дініміздің негіздерін дәріптей отыра, мейірімділік пен қамқорлық сынды ізгі қасиеттерді адам бойына сіңіруге талпынды. Хазірет айналасындағы адамдарға айрықша әсер етіп, шипагерлік қабілетке де ие болды. Жылағанды жұбатып, сүрінгенді демеп, мұқтаж жандарға да қолұшын беріп, қайырымдылық пен қамқорлықта бола білді.

Баянаула елі – қазақ ұлтының киелі де қастерлі жері. Міне осы кие тұтатын мекенде Мәшһүр Жүсіп те дүниеге келді. Жүсіп атамыз әкесі Көпей сопыдан тәрбие алып, онан соң молланың алдын көріп, білімін Бұхара Шәріпте жетілдірген. Мәшһүр Жүсіп туғанынан дін жолда болған, мұны біз оның өмірін баяндауға арналған өлеңдерінен білеміз.

«Лә иләһә иллаллаһ»!, білдім хақты, Таныдым бір Алланы бір жасымда.

Екі жаста, Кеуіліме нұр төгілді әуел баста.

Хабибим хақ Мұхаммад, дінім ислам,  
Иманның жөнін білдім басқа-басқа.  
Үш жасымда, Атамның отырушы едім жамбасында,  
«Жан Алла, Раббым Алла, Аллаһу хақ» деп,  
Жүгірдім жақсылардың ортасында [433 бет.  
Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы  
(монографиялық зерттеу) / Алпысбес М.А., Аршабек  
Т.Т., Қасен Е.Б., Кейкі Е.-Астана: «Парасат Әлемі»,  
2005. 480 б.]. \

«Егемен болмай – ел болмас» - демекші, Аллаға  
шүкір, еліміз тәуелсіздік алғаннан бері осындай ұлы  
тұлғаларымызды құрметтеп, еңбектерін дәріптеп  
келеміз. Ол дегеніміз рухы мықты қазақ елінің ұлы  
тұлғаларымызға деген құрметі.

Мұндай іс-шаралардағы Мақсат: ұлыларымызды  
құрметтеу, даналардың даралығын бағалау, қастерлей  
білуге баулу. Ақыл мен парасатты, сөз құдіреті мен  
көркем сөздің мәйегін бойға сіңіру. Ұлы тұлғалар –  
өздерінің рухани еңбегі арқылы қоғам қажеттіліктерін  
қанағаттандырып, оның дамуына айтарлықтай әсер  
еткен, әйгілі жандар. Сондықтан кез келген мемлекет  
тарихы, ұлы тұлғалар ісінің призмасы арқылы анағұрлым  
айқын, әрі әсерлі көрінетіні тегін емес.

Халқымыздың ұлы перзенттері, тарихтағы жеке  
бір тұлға ретінде ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны  
жасағаны, жолға салғаны белгілі.

Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі  
күндерін, ата жадына тоқыған талай тағылымды  
істерді болашақ ұрпақ санасына сіңіру, ұлтжандылыққа  
тәрбиелеп, өлкенің оқыған азаматтарын еске алып,  
насихаттау, қастерлеу – біздің дәстүріміз.

Кереку суың балдай шәрбәт маған, Тұрғандай  
жанды сұлу баурап қалаң.

Нар шөккен қасиетті топырағыңа, Басамын  
байыппенен барлап қадам.

Екі ұл туса бірі әулие, бірі ақын, Куәгер болып  
жүрміз әр уақта оған.

Дәл бүгін соның міне дәлеліндей, Бір туар  
тұлғаларың ел мақтаған.

Алашқа аты мәшһүр Мәшһүр баба, Сұлтанмахмұт  
арысым ардақты адам.

Қайраткер Ғабдылуахит хазіретпен, Музафар топтан  
озған саңылақ бабам.

Құнарлы ой айтуға бізде келдік, Құнан қойдай  
құйрығын салмақтаған.

Тобыл-Торғай жерінің ақ сәлемін, Әкелдім ақ  
жүрекпен жолдап саған.

Жасай бер Керекудің асыл халқы, Зиялы тұлғаларың  
ардақтаған.

19.05.2023 жыл

#### **ҒАБДЫЛУАҚИТ ХАЗІРЕТ, ОНЫҢ ЗАМАНЫ ЖӘНЕ «УКАЗНОЙ МОЛДАЛАР»**

**АМАНТАЙ ТОЙШЫБАЙҰЛЫ**  
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,  
MAZHAB.kz ислами ағартушылық порталының  
бас редакторы, ф.ғ.к.

**Ғабдылуақит хазірет (1853-1926)**, ол XIX ғасырдың  
екінші жартысы – XX ғасырдың басында өмір сүрген  
белгілі діни қайраткер, өз заманының танымал адамы  
болды.

1853 жылы қазіргі Павлодар облысы Шарбақты  
ауданындағы ауылдардың бірінде дүниеге келіп, 1926  
жылы 73 жасында Шарбақты ауданының Арбиген  
аулы, «Келдіқыз» жайлауында дүниеде өткен. Ол бір  
отбасының тұңғышы болған екен. Екі інісі мен екі  
қарындасы болған дейді.

Алғашқы білімді алты жасынан бастап ауыл молласынан алған. Семей өңіріндегі Қапияш, Шархы, Шәмші, Шериязидден деген білімді ұстаздардан ислами білім алып 16 жасына дейін оқыпты. Мұнымен ғана тоқтамған. Білімін одан әрі жетілдіру үшін 1873 жылы 20 жасында Бұхара-Шарифтегі «Мір араб» медресесіне қабылданып 15 жыл оқиды. Сол жақта қаланың бай діни дәстүрлерімен танысып, ислам дінінің негізін тереңінен зерттепті. Бұл оқуын 1888 жылы бітрген Ғабдылуақит атамыз, елге оралып қасиетті ислам дінін насихаттау, шәкірт оқыту ісімен шұғылданды. Өткен ғасырдың басында болыс Темірғалы Түйтеұлының қазіргі Шарбақты ауданындағы Есілбай ауылы жерінде салдырған 500 адамға арналған мешітінде имамдық қызмет атқарып, мешіт жанындағы медресеге ұстаздық етіп, жүздеген шәкіртке дәріс берді.

Кейін хазірет Арбиген ауылының оңтүстік шығысындағы «Келдіқыз» жайлауына өзі салдырған Алла үйінде ұстаздық ағартушылық жұмысын жалғастырды. Ислам дінінің негіздерін дәріптей отыра, адамгершілік, әділеттілік, мейірімділік пен қамқорлық сынды ізгі қасиеттерді адам бойына сіңіруге талпынды. Әбубәкір, Смағұл, Сәдуақас деген шәкірттері Троицк қаласындағы діни жоғары діни оқу орнына қабылданып, өзінің жолын қуып «хазірет» атағына ие болды.

Халық жадында қалған әңгімелерге сүйенсек, Ғабдылуақит хазірет айналасындағы адамдарға айрықша әсер етіп, дұғамен емдеу қабілетіне ие болған. Мұқтаж жандарға көмектесті. Тағдырын болжап, болашағын білуді қалаған адамдар кең байтақ даланың түкпір-түкпірінен хазіретке арнайы келетін. Ғабдылуақит хазірет пен оның қызметі туралы деректер аңыз-әңгімелерде, халық ауыз әдебиетінде сақталған. Солардың біріндегі мәліметтер бойынша, кеңес билігі кезеңінде, дін «халықтың басын айналдыратын апиын» деп жарияланған тұста имамдар мен хазіреттерді жаппай

қудалау басталды. Бәз біреулер хазіретке қатысты шағым айтқандықтан, ішкі істер қызметкерлері оның соңына түсті. Аңыз-әңгімеге сәйкес, хазірет намаз оқып отырған сәтте қызметкерлердің бірі Құранның парақтарын жырта бастайды. Осы кезде таң қаларлық оқиға болды: Кенет, белгісіз себептерге байланысты ол қызметкердің беті қисайып кетті. Хазіретті атуға апарған уақытта соңғы өтінішін орындауды сұрады. Ол намаз оқуын аяқтауын өтінеді. Намаз оқып болған соң хазірет әзір екенін айтып, қызметкерлер жаза қолдануға дайындалғаны сол еді, қаруы атпай қойды, бір қызметкердің қолы жансызданды. Осылайша, хазірет ажал аузынан аман қалыпты.

Тағы бір таңғажайып оқиға, 1940 жылы маусым айында Шалдай орманында үлкен өрт болып, хазіреттің бейітіне қарай қозғалады. Бірақ бейітке жақындағанда өрт екі айырылып, бейітке тимей айналып өтіп кетеді. Оның Қарақұл, Сарықұл, Сабанқұл есімді үш ұлы екінші дүниежүзілік соғыста шаһид болыпты.

Әзірге хазірет атамыздың отбасылық өмірбаянынан бізге жеткен мәліметтер осы ғана.

Ғабдылуақит хазірет қайтыс болған соң оның зираты көптеген мұсылманның зиярат етер орнына айналды. 1953 жылы хазірет жерленген жерге мазар тұрғызылды. 2012 жылы ескі кесененің орнына жаңасы салынды.

Шарбақты ауданындағы «Ертіс орманы» мемлекеттік орман-табиғи резерваты аумағындағы бұл кесене туралы жергілікті халық қана біліп, дүйім жұрт ұзақ уақыт бойы бейхабар еді. Қазіргі уақытта кесене – киелі мәнге ие нысан, қасиетті де киелі орындардың бірі, зиярат ететін жер. Еліміздің барлық аймағынан тұрғындар келіп, денсаулық пен табыс-жетістіктің мол болуын тілейді. Жалпы алғанда хазіретті соңында қалған ел-жұрты әрдайым құрметтейді. 1992 жылы Ғабдылуақит хазірет пен Темірғалы қажыға арналып үлкен ас берілді.

Сонымен қатар Аққулы ауданының орталық мешітіне Фабдылуақит хазіреттің есімі берілді.

Бұқара арабтарының әлемі медресесінің үздік шәкірттерінің бірі Фабдылуақит хазірет - «хазірет» титулына ие болған мыңның бірі. Бүгінде кесене аумағында барлық жағдай қарастырылған, тіпті түнеуге болатын үй бар. Зиярат етуге ниеттілерді жергілікті шырақшы (молла) қарсы алып, келушілерге хазіреттің өмірі мен қызметіне байланысты түрлі тарихи деректер мен аңыздарды әңгімелейді

Фабдылуақит жерленген орнының киелі маңызы хазірет тұлғасы мен мұрасының діни мәніне, Ертістің Павлодар өңірі жұртшылығының санасында әулиенің жерленген орнының киелі екеніне деген сенімге негізделген. [1]

Келесі кезекте біз Фабдулуақит хазіреттің өмір сүрген заманының діни ахуалы туралы тарихи мәліметтер міндетті түрде айтып өтуге тиіспіз.

1781 жылы Абылай хан өлгеннен кейін елдегі саяси ахуал қиындай түсті. Патшалық Ресей қазақ жерлерін отарлауды одан сайын күшейте түсті. Отарлау үшін басты қауіп мұсылман діні тарапынан екенін жақсы ұғынды. Себебі қазақ даласындағы мұсылманшылық ұлттық тұтастықты сақтап тұрған күш еді. Сөйтіп қазақ даласындағы діни ахуалды бақылап отыру үшін Патшалық Ресейге бағынышты «указной молдаларды» дайындауға кірісті. Бұл «бөліп жар да, билеп төсте» ережесі еді. Сөйтіп қазақ даласына 1868 жылдардан бастап қолында молдалық құжаты бар, алайда діннен сауаты жоқтар басына сәлдесін орап ағылды. [2]

Жазушы Алдан Смайыл өзінің кезекті зерттеу еңбегінде: «...мұсылман мешіттеріне указной молда деген қызмет енгізіліп, оған отарлаушылар өздері ұсынған адамдардың сайлануын қадағалады. Мұндай дін жетекшілері исламды уағыздаған

сияктанып, іс жүзінде оның күшеймеуіне қызмет етті», - деп жазады. [3]

Дін атын жамылып келіп, указной молдалар елді әбден шатастырды. Өкімет олардың қолына билік берді, дегенін болдыртты. Жергілікті жердегі діни істерді тек тағайындалған молда ғана жүргізеді деп бұйрығымен бекітіп қойды. Қазақ баласын сүндеттеп, құран оқытып, некесін қиып, өлігін көміп, жабдығын түгендеген қожаларды қуғынға түсіріп, указной молдасыз өліктің жаназасы шығарылмағанға дейін жетеді. Егер адам қайтыс болса, указной молданы іздеп табу бір машақат еді. Өлікті сасытып, бірнеше күндер бойы күттіріп қоятын күндер туады. Өліктің обалына қалмайық деп өздері жаназа шығарып қойса, указной молдалар тарапынан қудалауға ұшырайды. Өлімге келсе, ас жиынға шақырылса мынаны бересің, ананы бересің деп талап етіп, өлім аузында жатқан адамның жаны тәнінен шықпай жатып, алдын ала пидиясын талап ететін еді. Қысқасы ойларына келгенін жасап, дін ісін табыс көзіне айналдырады. Әбден күйінген халық арасында «**аңқау елге арамза молда**», «**дүмше молда, ел бұзар**» деген сөздер қалыптасады.

Осы оқиғаларды зерттей келе: «Бұлардың көбі христиан дінін қабылдаған адамдар еді, өздерінің дінін насихаттау үшін өтірік мұсылман атын жамылып іс жүргізді, сондықтан қазақ даласындағы мұсылманшылыққа қатты шүйлікті», - деп **Тұрсын Жұртбай** ағамыз жазыпты.

1907 жылы «Серке» журналына жазған мақаласында **Мыржақып Дулатұлы**: «**Орысқа бағынған қазақ халқының ешқандай правосы болмауы ыза мен кекті тудырады. Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, тек біздің молдаларға тиісті неке мәселесіне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды**», - деп жазады. Өзі діндар, өзі ғалым **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының**:

«Құранды қор, молданы боздай қылып, Кірісті сөндіруге ислам нұрын, Орысша тіл білгенді жұлдыз қылып, Жоқ қылды шәриғаттың хұрмет сырын», деген өлең жолдары соның айғағы болады.

Абай Құнанбайұлы атамыз 38-ші қара сөзінде: «Бұл заманның молдалары хакім атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлки, бұзық фиғыл, әл-инсан ғәдду ләма жәһилгә хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін жәһил», - деп сол кездегі діни ахуалды жазады. Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз да «Дін» атты өлеңінде:

«Бұл — молданың өтірігіне сену деген, Жетегіне соқырдың еру деген, Алдамшының алдаған сөзіне еріп, Қолда барын сыпырып беру деген», - деп жырлайды.[4] Шыны керек аталмыш өлең жолдарының жалғасында, діннен шығаратын сөздері де кездеседі. Бұл өте қауіпті сөздер. Дейтұрғанмен жоғарыдағы деректерді ескере отырып, отарлаушылардың саясатынан әбден мезі болып, діни көзқарасына қауіп төнген деп үзір іздеуге тырысамын. Себебі келесі өлең жолдары үміт сыйлайды: «Абай тұсы қазақтың бұзылғаны, Қаралыққа айналып қызыл қаны. Ақ пейіл бауырмалдық қалып кетіп, Даланың табиғатын бұзып алған. Елдігіне, жеріне һам дініне, Құрылды талай тұзақ, талай қақпан», - деп жырлайды.[5] Дәл «Абай тұсы қазақтың бұзылғаны» деп астын сызуы – бұл орыстандыру саясатына анық меңзейді.

Орыстандыруды күштеп жүргізу халық наразылығын өршіте түсетіндіктен патша өкіметі жаңа әдіс қолдана бастады. Осы ретте 1865 жылы «**Православие**

**миссионерлік қоғамы**» құрылып, оның басты мақсаты ретінде Ресей империясында өзге ұлттарды шоқындыру және олардың арасында христиандық өмір салтын нығайта түсу екендігі белгіленді. Бұл қоғам құрылғаннан кейінгі 15 жыл ішінде бүкіл империя көлемінде 86 мың, ал 1881-94 жылдары аралығында 129 мың адам православиеге өтті. Қазақ халқын орыстандыру үшін 1895 жылы «**Қырғыз православиелік миссионерлік қоғамы**» құрылып, 20 ғасырдың басында Семей облысында - 5, Ақмола облысында - 3 жергілікті бөлімшесі ашылды. Орыстандыру жер мәселесімен де тығыз байланыстырылды. Мәселен генерал- губернатор **Е. Колпаковский** ішкі Ресейден келген орыс шаруаларын қазақтармен аралас қоныстандыруға ерекше мән берді. [6]

Ағартушы-миссионер **Николай Ильминский** 1860 жылы патша үкіметіне жазған баянхатында: «**Қазақтарға “Сендер мұсылман емессіңдер, сендердің діндерің басқа, ата-бабаң тәңір дінін ұстанған” деп түсіндіру қажет, бұл ұғым толық орныққан жағдайда оларды христиан дініне кіргізу оңай болады**» деп түсіндірген. Яғни указной молдалардың дәурені осы 1865 жылдардан кейін басталды. Белгілі бір деңгейде указной молдалар өз миссиясын орындап, қазақ даласындағы ислам дінінің ықпалын төмендетіп, халықты одан алыстатуға іргетас қалыптастырды. Қосымша ақпарат ретінде филология ғылымдарының докторы, профессор **Мекемтас Мырзахметұлының «Ел қалай орыстандырылды?»** атты көлемді мақаласын оқуға кеңес беремін.

Екатерина II кезінен бастап қазақ халқының сеніміне кіру мақсатында, яғни өзінің дұшпан емес достық пиғылын білдіру мақсатында патшалық үкімет тарапынан ауылдарға құран кітаптары таратылып, ислам дініне қолдау білдірген сынай танытты. Әрине бұл қой терісін жамылған қасқырдың саясаты еді. Басты мақсаты – Орта Азиядағы исламның орталығы болған Ташкент және Бұхарамен арадағы байланысты үзіп, қазақтардың

назарын Патшалық Үкіметтің бақылауындағы діни орталықтарға қарату еді. Осы тарихи деректерді ата дініміздің дұшпандары бұрмалап «тәңір дінін ұстанатын әруақшыл қазақтарды, ислам дініне кіргізген патша үкіметі еді» деген жаңсақ пікірді таратып жүр. Осы жаңсақ пікірдің аражігін айыру, «**аңқау елге, арамза молда**», «**дүмше молда, ел бұзар**», «**дүмше молда дін бұзар**», «**өленді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді**», «**молданың істегенін істеме, айтқанын істе**», «**патша алланың жердегі көленкесі**» - деген сөздердің мәнін ашу үшін тарихтың осы кезеңі туралы біздің білуіміз аса маңызды. Себебі ата дініміздің дұшпандары дәл осы деректерді бұрмалап, дінге қарсы қару ретінде пайдаланып жүр. Тіптен сабаққа салғырт шәкіртті «шыбықты суға салып дүрелеу» де сол кезде «тәрбие» ретінде басталған.

**Демек, сол бір қиын-қыстау кезеңде Ертіс-Баян өңірінде атақты Мәшһүр Жүсіп(1858-1931)-пен қатар оның замандастары Ғабдылуақит Тіленшіұлы(1853-1926), Сейдулла қажы Түйтебекұлы(1874 – 1925), Хамариддин хазірет Бижомартұлы(1807-1889), Тәтентай хазірет Тәңірбергенұлы (1831-1916), Ақбалық хазірет Бытыұлы (1833-1918), Нұрғали хазірет Боташұлы (1832-1918), Бейіс хазірет Тәккенұлы (1849-1917), Темірғалы қажы Түйтеұлы(1856-1919), Бәстем хазірет Айтқожаұлы (1874-1903), Мұхамедияр хазірет Токжігітұлы (XIXғ соңы -XXғ басы), Мұхамедғалым хазірет Мұсаұлы (1838-09.1917), Қасым қажы Мұстафаұлы (1870 -1932), Әбубәкір хазірет Жұмабайұлы (1855-1932).**

**Исахан хазірет Жиенбайұлы (1860-1936), Әбубәкір қажы Әбдірахманов (1860-1937)** қатарлы Ертіс-Баян өңірінде туып-өскен қазақ қоғамындағы дін ғұламалары ислам дінінің рухани құндылықтарын дәріптеп, асыл дінімізді ұлтымыздың менталитеті және тұрмыстық

ерекшелігімізге сай бейімдеп саф күйінде халық санасына құйып берді.

ҚМДБ-на қарасты медресе-колледждердің оқу бағдарламасына 2023-2024 оқу жылынан бастап енгізілетін «Алаштану», «Тұлғатану» пәндеріне міне осындай ұлы даланың-ұлы тұлғалары лайықты.

Осындай бабаларымыз **иман, обал, сауап, қанағат, сабыр, ысырап, ынсап, арам, адал** секілді толып жатқан қасиетті ұғымдарды қазақ ұлтының жүрек төріне орнықтырды. Міне солар қазақ санасына бір Аллаға деген сенімді нығайтып, қасиетті дініміз бен қасиетті ұғымдарды қазақи тұрғыда ұлтының жан-жүрегіне сіңірді.

Біздің ұрпақ солардың арқасында кеңес жүйесіндегі дінсіз қоғамда ғасырға жуық тізерлеген кезімізде де ұлттығымызды жоғалтпағанымыз үшін оларға қарыздар екенімізді жадымыздан шығармауымыз қажет.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1 А.Тойшыбайұлы «Павлодар өңірінің ислам руханиятының тарихы» Алматы-2020. 58-59б

2 С.М.Мәшімбаев, Г.С.Мәшімбаева. «Патшалық Ресейдің және Кеңес империяларының Қазақстандағы рухани отарлау саясатының зардаптары». Қазақ универсиеті. Алматы, 2013. 92-б.

3 А. Смайыл. «Астана ғасырлары». Астана. 2010. 217-бет.

4 С.Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы. Ғылым. 1993. 1-том. 280-бет

5 Сонда.

6 Б. Қайратұлы. Қазақия қалай отарланды? – Астана, 2016. – 200-б



## ҚАЗАҚ ҰЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ

ХЫЗЫР ЖАНАРЫС

«Сенімен Болашақ» Республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің Павлодар облыстық филиалының басшысы

*«Құдай, ата-ана, ұстаз!*

*Бұл үшеуінің ризалығын іздемеген, ойламаған болсаң, бұ  
жалғанның жүзінде атар таң, шығар күн,  
жарық сәуле көремін деп ойлама».*

*«Не тапса, әркім өз пизғылынан, өз кәсібінен таппақ.*

*Құдай ешкімді зорлықпен кедей қылмайды, ешкімді зорлықпен  
жаман қылмайды, ешкімді зорлықпен надан қылмайды».*

**Мәшһүр Жүсіп.**

*«Ақиқатты тек ақылды көздермен ғана көруге болады».*

*«Елің күн гой. Күннен де биік бар ма?*

*Күннен биік болам деп күйіп қалма».*

*«Еңбекқор болып өскеніңді ел көрсін,*

*Батыл ісің батырлықпен тең келсін.*

*Ерте түсін туған елдің ертеңгі, тіреуі де, тірегі де, сендерсің».*

**Мұсафар Әлімбаев.**

*«Жан қайда әділетті іздейтұғын,*

*Адамшылық атақты көздейтұғын».*

*«Өзінің түйедей мінін көзі көрмей,*

*Біреудің түймедейін тінтіп табар».*

**Сұлтанмахмұт Торайғыров.**

**Олардың бойындағы жеті қағидасы:**

- 1 Адалдығы,
- 2 Сенімділігі,
- 3 Дос бола білуі,
- 4 Мейірімділігі,
- 5 Кішіпейілділігі,
- 6 Көпшіл болуы,
- 7 Уәде де тұруы.

**Адалдықтың синонимы** – өтірік айту, жасыра салу, алдап кету, көз бояушылық сияқты жаман мінездер. Бала жастайынан отбасында ата-анасының «Мені жоқ деп айтыңдар» деген сияқты байқаусыз өтірік айта салуды көріп өссе, сол мінез сіңе бастайды. Тіпті, қарапайым баланы алдай салудың өзі дұрыс шешім болып көрінеді. Ер азаматтың ең бірінші ұстанымы – адалдық болуы шарт. Өтірік айту, біреудің ақысын алдап жеп, көзбояушылықпен өмір сүрген кісіде ешқашан адал досы, жан ашыр жақыны, кішіпейіл, мейірімді ортасы болмайды.

«Құс ұядан не көрсе, ұшқан да соны іледі» дегендей бала қандай ауамен дем алса, өскенде соны суреттейді. Адалдықпен өмір сүрген кісіге жұрттың бәрі сенеді. Елдің сеніміне ие болады. Оның ешқашан алдамайтынын біледі. Сондықтан адалдық ер жігіттің басты ұстанымы болуы тиіс.

**Сенімділік.** Бұл мінездің қарсы бағыты – сенімсіз, бет-беделсіз, қадірсіз, ұсқынсыз бір түр. Сенімді болу – адал болумен тікелей байланысты. Яғни, өтірік айтпайтын, ешқашан алдамайтын, адалдықты өмірімен көрсете білген адамға жұрттың бәрі сенеді. Оның біреудің ақысын жемейтінін, ала жіп аттамайтынын әркім біледі. Сондықтан ондай мінезді адамға халық сенеді. Ең сенімді сипатты адам екеніне жұрттың көзі жетеді. Бұл мінез құр сөзбен, тілмен айтуға болмайды. Ол тек адамның сол сипатта өмір сүруі арқылы қалыптасып, жұртқа танылады. Туыс, таныс, жақындарының сеніміне кірген кісі, өз өмірін көркем суреттейді. Оны жұрттың бәрі жақсы көретін болады. Өмірінде естен кетпес із қалдырады.

**Дос болу.** «Досы көпті жау алмас, ақылы көпті – дау алмас». Өмірі адалдықпен болған кісі елдің сеніміне ие болады. Бұл екі мінез бойында бар адамның ішкі әлемі толы, рухани бай адам деген сөз. Кемелденген толық адам деуге болады. Бұл көркем мінездің әдемі үлгісін

сипаттайды. Осылай адалдықпен адамдардың сеніміне жеткен кісінің досы да көп болады. Тіпті достық деген ұғымның толық суреттеушісі бола алады. Нағыз шын досым дегендер осындай мінезді кісіні көргенде іштей қуанып, сәлем береді. Өмірлік мықты жолдас болу деген осыдан басталады. Қазіргі достардың кейбірі біреудің ақшасына, мансабына, билігіне қарап дос болып жүруі мүмкін. Дүние үшін, күйбең тіршілік үшін дос болғанның достығы уақытша ғана. Мейірімді, кішіпейіл адал кісінің айналасы толы, өмірлік жолдасы көп адамның бірі бола алады.

**Мейірімділік.** Мәшһүр Атаның мынадай бір сөзі бар: «Он ақылды адамнан, бір мейірімді адам артық. Яғни, ақылыңа нәпсің үстем болса, ақылдан пайда кем.» Қазіргі өмірде ақыл айтатындар және ақылды адамдар өте көп. Мәселе, сол ақылын кімнің пайдасына жұмсауы маңызды. Еліміз тәуелсіздік алғалы мықты ақылды, оқыған адамдар көп болды. Олар кімге қызмет етті?. Әрине, өз қалтасы үшін жұмыс істеді. Елім дегендері өте сирек болды.

Мейірімділіктің қарсылығы - қатігездік. Бүгінгі адамзат өмірінде осы мінез жойылып бара жатқандай. Адамдардың бір-бірін аяп, жан ашуы деген азайып кетті. Отбасылық зорлық-зомбылықтың көбейуі де осыдан. Адамдар балаларының көзінше бір-бірін ұрып соғып, сонша қиянат жасауы. Кейде бала төбелесіп, бір-бірін аямай басын тасқа ұрып жатса да қасындағылары қоршап видеоға түсіріп, қарап тұрады. Ол бір жаңадан пайда болған дәстүр сияқты ойлайды.

Техниканың цифрлануы адамның мейірімін жұтып қойғандай болды. Адамның жанашырлық мейірімділік сезім түйсігі жойылып кеткендей. Жақынына, танысына, туысына қол созу көмектесу деген ұзаққа кетіп барады. Сондықтан ер азамат мейірімді болмаса отбасына, ортасына пайдасы аз болады.

**Кішіпейілділік.** Мәулана Жалаладдиннің сөзі: «Жүрегіңді жаралағандарға, көңіліңді қалдырғандарға жақсылық тілемейтін болсаң, саған кешірім қақпасы ашылмайды.» Яғни, қандай мінезді адам болсын, оны кешіре білу – кішіпейілділіктің ең озық үлгісі болады. Кішіпейіл болудан ешқаншан кем болмайды. Керісінше кез келген тәкаппар, кеудесок адамды жеңуге сабасына түсіруге болады.

Кішіпейіл болу – кез келген кісіні түсіне білу деген сөз. Қоғамда түрлі мінезсіз, қатал, қатігез адамдар көптеп кездеседі. Осындай мінездегі кісілердің өзінің кінәсі емес, ол – оның жаратылысында бар дүние, немесе сондай мінезді отбасында алған тәрбиесімен келген сипаты. Яғни, қатыгез мінезді адамдарды дұрыс түсініп, әр түрлі іс әрекетін кешіре білу – кішіпейілділіктің белгісі. Кешіре білу, әр нәрсені түсіну, көркем мінездің үлгісі болады. Шәкәрім Құдайбердіұлы мінездің осы сипаты жөнінде былай деген «Сөзіңді түзесең – әдетіңе айналады. Әдетіңді түзесең мінезіңе айналады. Мінезін ол сенің тағдырың».

**Көпшіл болу.** Жеке бастың қамы, өзін ғана ойлау, тек өз қалтасына сала беру – осы қоғамның ауыр дерті. Халықтың тұрмыс тіршілігінің төмен болуының басты себебі осындай менменшіл, эгоистік мінездің кең тарауынан болады. Яғни, бірнеше санаулы адамдардың шексіз қаражатты иеленіп алуы менмендіктің үлкен түрі.

Қазіргі күнде бұрынғыдай асарлатып көмек қылу, ел болып, достар болып басқаларға көмек қолын созу азайып барады. Көпшіл болу - ел қамын ойлайтын адал жүректі, көркем мінезді кең адамның қолынан келетін іс. Ақыл есі дұрыс әр кісі осы бір мінез үлгісін өзі жасай алады. Көпшіл болу – мағыналы әдемі өмір сүру үлгісін көрсетеді.

Алдымен адамдар арасында тіл-табыспаушылықтың басты себебі не екенін айтсақ, бүгінгі қоғамда рухани күйзелу құлазу деген өте көбейген. Ол – мінездің

